



2 Талантты өрендер табысы

3 Мақсатсыз жұмсалған қаржы қатаң сұралады

4-5 Жиделі Байсын күйлері: Әлшекей феномені

8 Құбылмалы әлемдегі тұрақтылық символы

КӨПҚЫРЛЫ ЖӘНЕ ТАБЫСТЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ



ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ШЫҰ-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті әріптестер!
Ең алдымен, Ұлы Жібек жолының інжу-маржаны ежелгі Самарқанд қаласында ШЫҰ Саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және жылы шыраймен қарсы алғаны үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Миромонович Мирзиёевке алғыс айтқым келеді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрамы тұрақты түрде кеңейіп келеді. Бұл – біздің Ұйымның халықаралық беделі мен ықпалының өсіп келе жатқанының айқын дәлелі.

Бүгінде әлем санкциялық қысым әдістері, негізгі жаһандық мәселелерді шешуде кереғар тәсілдер алдыңғы қатарға шыққан күрделі халықаралық жағдайдың шиеленіскен қауіпті кезеңіне қадам басты.

Өзара сенімнің жетіспеушілігі қазіргі заманның басты ерекшелігіне айналды. Осындай жағдайларда өзара сенімге, тең және ашық диалогқа негізделген бірегей «Шанхай рухын» нығайту аса маңызды.

Біздің алдымызда ШЫҰ әлеуетін толық пайдалану міндеті тұр. Ұйым қызметінің тиімділігін арттыру және әртүрлі саладағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту барлық қатысушы мемлекеттің мүддесіне сай келеді.

Ұйым қызметін одан әрі жетілдіріп, ШЫҰ кеңістігінде және одан тыс жерлерде негізгі үрдістерді болжау ісін күшейту маңызды.

ШЫҰ қызметі оның жарғалық құжаттарында көрсетілген негізгі қағидаттардың өзектілігін айқындайды. Олар: экстремизм, терроризм, сепаратизм секілді «үш зұлымдыққа» қарсы күрес, мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, ішкі істерге араласпау.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шағын құрамдағы отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке қонақжайлығы мен Самарқандтағы ШЫҰ-ның кезекті саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғыс айтты.

Қазақстан Президенті ШЫҰ

қазіргі кезеңдегі басым бағыттары туралы көзқарасын білдірді.

Сондай-ақ кездесуде Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Үндістан Премьер-министрі Нарендра Моді, Қытай Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон сөз сөйледі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы кеңейтілген құрамда өткен отырыста сөз сөйледі. Оның толық мәтіні ұсынылып отыр.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифпен және Иран президенті Ибрахим Раисимен кездесті.



ЕСТЕЛІККЕ ДОМБЫРА СЫЙЛАДЫ

Рим Папасы Францисктің Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары аяқталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Рим Папасы Францискті елорда әуежайынан өзі шығарып салды.

Президент Рим Папасы Францискке қонақжай қазақ жерінен естелікке домбыра сыйлады.

– Біздің мәдениетіміз туралы жылы лебіздеріңіз үшін, әсіресе домбыра туралы пікіріңіз үшін қазақ халқы сізге ризашылығын білдіреді. Қазір бүкіл басылымдар, бұқаралық апарат құралдары сіздің сөзіңізді жазып жатыр. Барлығы Рим Папасы қазақ мәдениетінің, соның ішінде біздің ұлттық аспабымыз – домбыраның ең үздік насихатшысы деп айтып жүр. Қазір бұл жастар мен балалар арасында өте танымал. Сіздің сөздеріңізден кейін домбыраға деген қызығушылық тек Қазақстанда ғана емес, шет елдерде де арта түседі деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Парламент Конституция өзгерістерін қабылдады

Кеше Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдады, деп хабарлайды ҚазАқпарат.



Мұнда ҚР Әділет министрі Канат Мусин ұсынған Заң жобасы бес бапқа өзгерістер енгізуді және бір баппен толықтыруды көздейді.

Сонымен, біріншіден, Президенттің мандатын қайта сайлану мүмкіндігінсіз бір мерзімге шектеу осы Заң жобасы күшіне енгеннен кейін жеті жыл мерзімге Президент болып сайлаған адамдарға қолданылады.

Екіншіден, Нұр-Сұлтан қаласының атауы қайтадан Астана болып өзгереді. Үшіншіден, Конституциялық Соттың судьялары қайта тағайындалуына шектеу қоя отырып, Конституциялық Сот судьяларының өкілеттік мерзімдері 8 жылға дейін ұлғайтылады.

Конституцияға енгізілетін өзгерістерді Сенаттың 50 депутатының 50-і, Мәжілістің 99 депутатының 98-і қолдап дауыс берді.

Дәрігерлер дайындау жүйесі жетілдіріледі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырдағы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында еліміздің басты құндылығы – адам екенін айтып, ұлт саулығын қорғауда денсаулық сақтау саласын жетілдіруге баса назар аударып, нақты міндеттер жүктегені белгілі. «Денсаулық сақтау саласы бәсекеге қабілетті болуы үшін дәрігерлер дайындау жүйесін жетілдірген жөн. Медициналық жоғары оқу орындары жанынан көпбейінді ауруханалар және клиникалар ашылады. Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға көбейеді. Мұның бәрі ұлт денсаулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға септігін тигізеді» деп атап айтылды Жолдауда.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕКТІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ облыс әкімі өнегелі отбасы иелеріне құрмет көрсетті

Сыр өңірінде отбасы құндылығын берік ұстап, мәуелі бәйтеректей тамырын кеңге жайған өнегелі әулеттер жетерлік. Тағылымға толы тәрбиені бойға сіңіріп, Отанға қызмет етер ұрпақ тәрбиелеген аға-апарларымыз кез келген құрметке лайық.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

«Отбасы күні» аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өнегелі шаңырақ иелерімен кездесіп, ілтипат білдірді. Құрметпен шақырылғандар қатарында еңбектің арқасында абырой биігіне көтерілген қарапайым жұмысшы, құрылысшы, дикан, сауыншы, механизаторлар бар. Олардың көбі 10-нан аса бала тәрбиелеп, немере, шөбере сүйген киелі шаңырақ иелері.



**ҚАЗАҚСТАН
ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-
ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
ШЫҰ-ҒА МҮШЕ
МЕМЛЕКЕТТЕР
БАСШЫЛАРЫ
КЕҢЕСІНІҢ
КЕҢЕЙТІЛГЕН
ҚҰРАМДАҒЫ
ОТЫРЫСЫНДА
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Ұйымның негізгі міндеті аймақтық қауіпсіздікті нығайту болып қала береді.

Аталған өзекті салада бірлесе қызмет етуді көздейтін бұрын қабылданған құжаттарды іске асыруды жалғастыру қажет. Сондықтан қорғаныс ведомстволары мен арнайы қызметтер арасында әскери-саяси ынтымақтастықты арттыруды ұсынамын.

Осы ретте ШЫҰ-ның Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығымен арадағы қатынастарды нығайту маңызды рөл атқара алады. Ұйымның ақпараттық кеңістігін қорғау инфрақұрылымын құру үшін киберқылмыспен күрес мәселелерінің өзектілігі арта түседі. Біз ШЫҰ-ны жаһандық экономикалық платформаға айналдыруымыз керек.

Біздің Ұйым адами, ресурстық және технологиялық әлеуеті бар әлемнің қарқынды дамып келе жатқан экономикасын біріктіреді. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үлесі әлемдік жалпы ішкі өнімнің шамамен төрттен бірін құрайды, яғни 23 триллион доллардан асады.

Бізде энергетикалық ресурстардың, көмірдің, сирек металдардың және жаңартылатын энергия көздерінің ең бай қоры бар. Мен жоғарыда айтқандай, біздің ұйымның идеялық және институционалдық негіздерінде кереғарлық пен блоктарға бөлінушілік жоқ. Бұл ШЫҰ-ның халықаралық беделі мен танымалдығының артуына ықпал етті. Соның арқасында ұйым ең табысты бірлестікке айналды.

Сондықтан ШЫҰ үдерісіне қатысатын елдердің географиясы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Бұл – Ұйымның жоғары сұранысқа ие екенінің айқын дәлелі. Менің пікірімше, ШЫҰ қазір әлемдегі ең табысты халықаралық ұйым. Біз тауарлардың, капиталдың, көрсетілетін қызметтер мен технологиялардың еркін айналымына кезең-кезеңмен көшу үшін ШЫҰ-дағы экономикалық ынтымақтастықты түрлі формада дамытуды қолдаймыз.

Ұйым кеңістігіндегі өсімнің қозғаушы күші – ШЫҰ аясында ауқымды экономикалық жобаларды жүзеге асыру. Біздің алдымызда Ұйымның жобалық қызметін тиісті қаржыландыруды қамтамасыз ету мәселесі тұр. Ол үшін бізде барлық қажетті экономикалық тетіктер, әзірленген стратегиялар, өзара іс-қимылдың егжей-тегжейлі бағдарламалары мен жоспарлары бар. Енді соларды жүзеге асыру ғана қалады.

Экономикалық ынтымақтастықтың басым бағыттары саналатын транзиттік-көлік секторы, азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне арнайы тоқталғым келеді. ШЫҰ елдерінің тиімді экономикалық және көлік дәліздерін дамыту жөніндегі ынтымақтастық тұжырымдамасының қабылдануы өзара логистикалық байланысты жақсартудағы маңызды жетістік болды.

Әңгіме «Қытай – Еуропа» бағыты және Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша теміржол тасымалы, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай шекарасында үшінші теміржол өткелінің құрылысын салу жоспары туралы болып отыр.

Осыған орай, мен ШЫҰ-дағы серіктестерді жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамын. Шығыс Азиядан Парсы шығанағы елдеріне шығатын ең қысқа «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» темір жолының әлеуеті зор. Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы транзиттік-көлік ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді. Өңірміздегі елдердің өзара байланысын қамтамасыз етуге бағытталған перспективті жобалардың жүзеге асырылуын күттейміз. Біз Орталық және Оңтүстік Азия арасындағы көлік бағыттарын кеңейту, «Солтүстік-Оңтүстік» және «Шығыс-Батыс» трансуралық дәліздерін дамыту жөніндегі іс-әрекеттерді қолдаймыз. Жалпы, біз жаңа мультимодальды көлік дәліздері мен логистикалық орталықтар ашуды және қолданыстағыларын жаңғыртуды күтпейміз.

Азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне арнайы тоқталғым келеді. ШЫҰ мемлекеттері – әлемдегі ең ірі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші әрі экспорттаушы елдер. Біз ШЫҰ аймағында да, одан тыс жерлерде де ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасын кеңейтуді ынталандыруымыз керек. Мемлекеттеріміздің халықаралық азық-түлік өндірісі мен жеткізу тізбегінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қатысуы әлемдік азық-түлік нарығындағы тұрақтылықты сақтауға көмектеседі.

Сондай-ақ су ресурстарын игеру мен ұтымды пайдалануға көбірек көңіл бөлу қажет. ШЫҰ-ның Энергетикалық стратегиясын бірлесіп әзірлеу жаһандық және өңірлік энергетикалық тепе-теңдікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Біз сондай-ақ Жаңартылатын энергия көздері саласындағы ынтымақтастық бағдарламасын қабылдауды өзекті деп санаймыз.

Күрметті әріптестер!
Бәріміз ШЫҰ-ға зор үміт артамыз. Ұйым аясындағы көпқырлы және табысты ынтымақтастығымыз мемлекеттеріміздің дамуына тың серпін беретініне сенемін.

Назарларыңызға рақмет!

ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕКТИҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ
облыс әкімі өнегелі отбасы иелеріне құрмет көрсетті



Мерекелік іс-шараға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов пен сала басшылары қатысты.

Аймақ басшысы қазақ халқы үшін отбасы ұғымы қашаннан кәсірлі де киелі екенін, саналы ұрпақ тәрбиелеуде парасатты ата-ананың ролі ерекше екенін жеткізді.

– Дана халқымызда «Отан – отбасынан басталады» деген керемет сөз бар. Өйткені, Отанды сүйуге тәрбиелейтін бірден-бір орта ол – отбасы. Отбасында жарасым, сүйіспеншілік, мейірім болса ғана шаңырақ биік құрылып, кер-

гесі кең болып, түгін түзу ұшады. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы жылғы Жолдауында отбасын қорғау және бала капиталын қалыптастыруға ерекше мән берді. Мұндай қолдау әрбір қазақстандықтың өз болашағына деген сенімін нығайта түсетіні сөзсіз. Ал осындай халық игілігіне бағытталған шынайы шешімдердің ел арасында дұрыс қабылдануына Сіздердің пікірлеріңіз зор маңызға ие, – деді Н.Нәлібаев.

Облыс әкімі сонымен қатар өнегелі отбасыларды насихаттау мақсатында Қызылордада «Аналар үйі» салынатынын атап айтты және аймақта атқарылып жатқан бірқатар жұмыстарға тоқталды.

жобасын бастаудамыз, – деді облыс басшысы. Мерекелік басқосуда сондай-ақ, берекелі шаңырақ иелерін облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов та құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Жында 7 бала өсіріп, бүгінде олардан тараған 20 немере, 5 шөберенің қызығына кенеліп отырған үлгілі әке Файзулла Сахиев пен 8 баланы дүниеге әкелген, 22 немере, 8 шөберенің сүйікті әжесі, бағыр ана, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалінің және «Күміс алқа» иегері, сауыншы Разия Аппазова сөз алып, аймақ басшысына алғыс білдірді. Еркін пікір алмасу барысында қонақтар отбасы өнегесі, бала тәрбиесі мен жастарға ұлттық құндылықтарды дарыту мәселесін тілге тиек етті. Мәселен, шіелілік Берікқара Әбдіжаппаров пен жұбайы Рахия Темірдің отау құрғандарына 61 жыл толыпты. Отбасында 11 бала өсіп-өнген, бүгінде олардан тараған 37 немере мен жиырмаға жуық шөбере шаңырақты шаттыққа бөлеуде. Берікқара әкей ауылшаруашылық саласының маманы, қарапайым күрішші, комбайншы болып еңбек еткен. Мәуелі бәйтеректей үлкен шаңырақтың ақылшысы, камқоршысы болып отырған Берікқара әкей мен Рахия ана отбасының беріктігі, шаңырақ шаттығы екі жасқа ортақ міндет екенін айтады. Ал Арал ауданы Сексеуіл кентінен келген ұстаздар отбасының отағасы Төлебай Маханов ауылдастарының өгінішін жеткізді. Ол 16 мыңдай тұрғыны бар Сексеуілге перзентхана керектігі және жаңа аурухана құрылысы басталғанымен аяқталмай тұрғаны еді. Облыс әкімі бұл мәселені білетінін, заң аясында жұмыстар істелетінін айтты.

Іс-шарада жергілікті өнерпаздар жырдан шашу шашып, әулеттің аналарына сый-құрмет көрсетілді. Айна кетейік, өңірде кейінгі үш жылда бала туу көрсеткіші 16 пайызға артқан. Бүгінде Сыр өңірінде 141 мыңнан аса отбасы бар. Оның ішінде 48 мыңнан астамы көпбалалы отбасылар. Ал, 17 мыңға жуық ана «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегері атанған.

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

Ширата түскен шаруа нәтижелі

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаладағы бірқатар әлеуметтік және өндірістік маңызы бар нысандарды аралады.

Алдымен аймақ басшысы әуежай терминалының жұмысын көрді. Стенд арқылы негізгі жұмыспен танысты.

Жерлесіміз, меценат Болат Өтемұратов қоры жаңа әуежай құрылысын салуға ниет білдіріп, сағатына 300 жолаушы өткізуге есептелген заманауи әуежай терминалын қызылордалықтарға тарту етеді. Жыл соңына дейін құрылыстың жоба-сметалық құжаттамасы аяқталады.

Мұнан соң облыс әкімі Қызылорда қаласындағы су торабын қайта жаңғырту жұмысын көріп, мамандармен пікірлесі.

Маңызды нысанды қайта жаңғыртуға бюджеттен 1 млрд 260 млн тенге бөлінген. Жұмыс толық орындалған жағдайда Қызылорда су торабынан төменгі ағысқа босатылатын суды секундына 1200 текше метрден 1900 текше метрге дейін көбейтуге болады.

Сондай-ақ облыс әкімі бір жыл бұрын сенімгерлік басқаруға берілген С.Ысқақов атындағы колледж ғимаратында болды. Сенімгерлік басқарушы «Шаке-нова» ЖК ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, материалдық-техникалық базасын жаңартты. Қазіргі таңда 192 студент білім алады.

Мұнан кейін облыс басшысы «Мағжан

және К» және «Абай-Дәулет» компаниясы зауыттарының жұмысымен танысты. Қызылорда облысы республика бойынша күршікке деген сұранысты толық қамтыса, экспортқа шығарылатын өнімнің 92 пайызы Сырдан өндіріледі. Облыс әкімі Президенттің, Үкімет басшысының қолдауы негізінде су көлемі биыл былтырғы жылдан жоғары болғанын тілге тиек етті.

Қаладағы нысандарды аралау барысында шыны зауыты да назардан тыс қалған жоқ.

Бүгінгі күні негізгі жұмыстар аяқталды. Зауыт маңын абаттандыру, іске қосу актісін және шығаратын өнімге тиісті рұқсат құжаттарын алу іс-шаралары жүргізілуде. Бұл мәселелер штаб отырысында қаралып, мемлекеттік органдармен бірлесіп шешілуде.

Технологиялық талаптарға сәйкес пеш 1400 градус температураға дейін бірте-бірте қызатын болады. Өнім шығару үшін қажетті шикізаттық материалдардың барлығы жеткізілді. Өндірісте жергілікті шикізат – Аралдың кварц құмы қолданылатын болды.

Облыс әкімі жоспарға сәйкес алғашқы әйнекті қазан айының ортасында шығаруды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



БӘРЕКЕЛДІ!

Талантты өрендер табысы

Облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет Түркияда өткен халықаралық білім байқауының жүлдегерлері Аслан Нүридін, Ясин Жандосұлы, Камила Тәңірберген, Нұрасыл Асылханмен кездесті.

Талантты бүлдіршіндер мектепте арифметикадан халықаралық олимпиаданы алтын, күміс, қола жүлдегерлері атанып, Сыр елінің абыройын асырды.

Кездесуде басқарма басшысы бұл жеңіс Сырдың ғана емес, ел мерейін асырған ерекше сәт деп жас өрендерге ақжолтай тілегін арнады.

– Ең алдымен сіздерді Түркия жеріндегі жарқын жеңіспен шын жүректен құттықтаймын. Әлем елдерінің 100-ге жуық дарын-



дылары қатысқан білім додасында үш бірдей медальді иелену – үлкен жетістік. Білім көгінде

жұлдыздарыңыз биіктен жарқырай берсін деген тілегімді білдіремін, – деді М.Шермағанбет.

Жүзлесуде басқарма басшысы дарынды оқушыларға арнайы естелік сыйлықтар табыс етті. Өз кезегінде жас өрендерді даярлаған «Жаңақорған арифметика мектебі» жеке оқу орталығының жетекшісі Айнаш Абсаттарова қолдау көрсеткені үшін алғысын айтып, талантты шәкірттердің білім сынында бұдан да жақсы жетістіктерге жететініне сенім білдірді.

Айна кетейік, Аслан Нүридін Жаңақорған ауданындағы №51 мектепте, Нұрасыл Асылхан №163, Ясин Жандосұлы №110, ал Камила Тәңірберген Жұмаділла атындағы дарын мектебінде оқиды. Осы кезеңге дейін де жас өрендер республикалық, облыстық, қалалық олимпиаданың жеңімпазы атанған.

Қыс қамы және қоғамдық қабылдау



Аудан тұрғындарын жылумен қамту да қаперге алынды. Мархабат Жайымбетов «Нұрайжан» ЖШС-нің отын сақтау қоймасының ахуалын көрді. Қоймада қазіргі таңда кент тұрғындары үшін көмір еркін босатылуға қыс мезгілінде халықты қатты отынмен толықтай қамту үшін тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар «Тоғыс Аралотын» ЖШС-нің отын сақтау қоймасында да халыққа қатты отын жеткізу әрекеті әдеттегідей қызу қолға алынған. Кәсіп иесі аралдықтарға көмір жеткізумен ұзақ жылдар бойы айналысып келеді. Қажетті қор халықтың сұранысына сай теміржол арқылы жеткізілуде.

Мархабат Жайымбетұлы аудан әкімдігінде облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері бойынша қоғамдық қабылдау өткізді. Қабылдауға келген тұрғындар негізінен тұрғын үй, жұмыспен қамту мәселелері туралы қозғаса, кейбірі әлеуметтік инфрақұрылым бойынша ұсыныс-пікірлерін білдірді. Жалпы қабылдауға 16 адам келді. Оларды толғандырған сұрақтарға облыс әкімінің орынбасары жеке-жеке тоқталды.

Айта кетейік келушілер тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жол қозғалысы ережелерін сақтау, бұл ретте аудан орталығына бейнебақылау және жылдамдық өлшеу құралдарының қажеттігі бойынша ұсыныс көтеріліп отыр. Мархабат Жайымбетұлы бюджет қаражаты есебінен, кезең-кезеңімен бақылау камераларын орнатуға тиісті іс-шаралар атқарылатындығын айтып, жауапты сала басшыларына заң шеңберінде барлық мүмкіндіктерді қарастыра отырып жұмыс жасауды тапсырды.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов Арал ауданында болып, бірқатар құрылыс нысандарының жұмысымен танысты. Алдымен Жіңішкекүм ауылдық округіне қарасты Тоқабай елді мекеніндегі жаңа мектептің құрылысын көрді. Айта кетейік ауылдағы №248 орта мектеп апатты деп танылған болатын. Ескі ғимарат сүріліп, орнына жеке кәсіпкердің демеушілігімен қайта салынууда. Жаңа нысан 100 орынға лайықталған. Бүгінде оқу ордасының іргетасын қалау жұмыстары жүргізілуде.

Одан соң, Мархабат Жайымбетов Жақсықылғаш кентіндегі денешынықтыру және сауықтыру кешенінде болды. Мұның құрылысы 2020 жылы бастау алған болатын. Алайда мердігер мекеме тарапынан міндеттемелер мен талаптар орындалмауы салдарынан келісім-шарт бұзылып, қазіргі кезде тоқтап қалған құрылысты жалғастыру үшін мердігер анықтау мақсатында конкурс жарияланды.

Екі күндік жұмыс сапары барысында облыс әкімінің орынбасары Сексеуілде бастау алған газ құбырын тарту жұмыстарын да назарға алды. Кентті «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету келесі жылдың соңында аяқталды деп жоспарланған. Газдандыру желісі кенттегі 2 300 тұрғын үй, 24 әлеуметтік және 53 кәсіпкерлік нысандарға тартылып, жалпы саны 11 620 тұрғын «көгілдір отынның» игілігін көретін болады.



Байқоңырда тұрғындармен кездесті

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Президентінің Байқоңыр кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай Байқоңыр қаласы, Төреғам кенті және Ақай ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті.

Қайрат Ырзақұлұлы баяндамасында Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың жуырдағы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауының негізгі бағыттарына тоқталып, онда белгіленген тапсырмаларды бірлесе отырып орындауға шақырды.

Сонымен қатар, бүгінгі күнге дейін қазақстандық тараппен атқарылған жұмыстар мен алдағы уақытта жүзеге асырылатын жоспарлар, «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясы тапсырмаларының орындалуына тоқталды.

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан қалада Ресей Федерациясына қарасты мекемелерде жұмыс жасайтын тұрғындарға үй беру мәселесі, азық-

түлік бағасы, инфрақұрылым, Байқоңыр қалалық ауруханасының аумағына аялдама қою, Төреғам мен Ақайды газдандыру, коммуналдық қызмет тарифтері, Қазақстан тарапы жүргізіп жатқан 50 пәтерлі 5 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары бойынша сұрақтар қойылып, арнаулы өкіл мен қала әкімшілігінің басшысы нақты жауап берді. Бірқатар мәселелер сол жерде шешімін тапты.

Жалпы, біршама уақыттан кейін ұйымдастырылып отырған кездесу толықтай мемлекеттік тілде өткізілді. Ал, ресейлік тарапқа ілеспе аударма қызметі ұсынылды.

«СБ» ақпарат

Дәрігерлер дайындау жүйесі жетілдіріледі

Қай кезде де істің тетігі білікті маманға байланысты екені анық. Әсіресе, медицина саласын білікті де білімді мамандармен қамтамасыз етудің маңызы зор. Осы орайда кадр тапшылығын жою, саланы дәрігерлермен қамту бағытында аймақта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталсақ.

Бүгінде облыстың денсаулық сақтау саласында 2499 дәрігер, 9762 орта буын медицина қызметкері еңбек етеді. Мамандардың айтуынша, саланы медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету көрсеткіші бойынша облыс алдыңғы қатарда. Мәселен, жылғы жылдың қорытындысында 10 мың тұрғынға шаққанда дәрігермен қамту 22,8 болса, республикалық көрсеткіш – 16, орта буын медицина қызметкерлерімен қамтылу көрсеткіші 108,6-ны құрайды, республикалық көрсеткіш – 75,4.

Былтыр 84 дәрігер жұмысқа қабылданып, олардың 24-і елді мекендерге жолданған, бүгінде 64 жас маман жұмысқа қабылданып, олардың 16-сы ауылдық жерлерге жіберілген.

Облыс әкімдігі мен басқарма тарапынан өңірде маман тапшылығын азайту, жас мамандарды елге тарту және тұрақтандыру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Мәселен, 2017-2021 жылдар аралығында медицина саласында сұранысқа ие жалпыхалық дәрігерлерді даярлауға 127 облыс әкімінің гранты бөлінді. Атап айтқанда, 1-бет

2017 жылы 1, 2018-де 30, 2019-да 40, 2020 жылы 30, былтыр 26 грант тағайындалды. Бұл шаралар өз кезегінде 2024 жылдан бастап аймақтық саланы дәрігерлермен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде жалпыхалық дәрігерлерге (ЖТД) қажеттілік 48-ді құрап отыр. Жыл сайынғы босану және бала күтіміне байланысты декреттік демалыс, зейнетке шығу, қоныс аудару секілді табиғи қозғалысты ескере отырып, 2022-2023 оқу жылына 30 ЖТД даярлауға грант бөлінді, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасы персоналды басқару және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Зәуреш Сарыбаева.

панов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті және С.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университеті арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында мамандарды өңірге тарту, жұмыспен қамту және тұрақтандыру бағытында да бірлескен жұмыстар атқарылууда. Биылғы сәуір айында Қызылорда медициналық жоғары колледжі базасында ашылған М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің филиалы өңірімізге келіп жұмыс атқаратын мамандардың білімін практикамен ұштастыру арқылы кәсіби дағдыларға машықтанып, біліктілік арттыруға оң септігін тигізеді деп күтілуде.

Маман тапшылығын азайту бағытындағы жұмыстар жалғасын табатын болады, біздің болжамымыз бойынша 2025 жылға дейін облысымыз дәрігерлермен толық қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Бұл

БРИФИНГ

МАҚСАТСЫЗ ЖҰМСАЛҒАН ҚАРЖЫ ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ

Облыста жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант беру конкурсының қорытындысы шықты. Быыл 26 адам қайтарымсыз қаражатқа ие болды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбеков мәлімдеді.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жастардың жаңа бизнес-идеяларын іске асыруға мемлекет тарапынан жыл сайын грант бөлінеді. Қайтарымсыз қаржы алғанды кім теріс көрсін, үміткерлер дереу жоба жасайды. Грант негізінде өз кәсібін бастағысы келетін талапкерлер қатары биыл да қалың болыпты.

Конкурстың іріктеу кезеңі 31 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында өткен. Аудан кәсіпкерлері өз жобаларын онлайн, ал қалалықтар офлайн форматта таныстырған. Комиссия құрамына айтуынша, конкурсқа барлығы 673 адам өтініш берген. Ал бөлінген қаржының көлемі – 120 млн теңге. Айта кетейік, оның 70 млн теңгесі кәсіпкерлік қызметіне 3 жыл толмаған 29 жасқа дейінгі жастардың жаңашыл бизнес-идеяларына бағытталды.

Аймағымызда кәсіпкерлік саласын қолдауға бағытталған шараларды іске асыру жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Оның ішінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 5 млн теңгеге дейін грант бөлінді. Бұл қайтарымсыз қаражат мемлекеттік гранттар беру қағидасына сәйкес кәсіпкерлерге конкурстық іріктеу негізінде ұсынылады, – деді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбеков.

Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбеков. Оның айтуынша, мемлекет тарапынан жыл сайын грант бөлінеді. Қайтарымсыз қаржы алғанды кім теріс көрсін, үміткерлер дереу жоба жасайды. Грант негізінде өз кәсібін бастағысы келетін талапкерлер қатары биыл да қалың болыпты.

Конкурстың іріктеу кезеңі 31 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында өткен. Аудан кәсіпкерлері өз жобаларын онлайн, ал қалалықтар офлайн форматта таныстырған. Комиссия құрамына айтуынша, конкурсқа барлығы 673 адам өтініш берген. Ал бөлінген қаржының көлемі – 120 млн теңге. Айта кетейік, оның 70 млн теңгесі кәсіпкерлік қызметіне 3 жыл толмаған 29 жасқа дейінгі жастардың жаңашыл бизнес-идеяларына бағытталды.

Аймағымызда кәсіпкерлік саласын қолдауға бағытталған шараларды іске асыру жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Оның ішінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 5 млн теңгеге дейін грант бөлінді. Бұл қайтарымсыз қаражат мемлекеттік гранттар беру қағидасына сәйкес кәсіпкерлерге конкурстық іріктеу негізінде ұсынылады, – деді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбеков.

Конкурстың нәтижесінде жалпы 92 млн 667 мың теңгеге 26 жобаны қаржыландыру мақұлданыпты. Оның ішінде жас кәсіпкерлердің 11 жобасына 45 млн 667 мың теңге қаржы табыстатын болады. Айта кетейік, қолдау алған кәсіпкерлердің ішіндегі әлеуметтік осал топтағы азаматтардың үлесі – 42,3 пайызды құрады. Яғни, 11 жобаға 29,6 млн теңге берілетін болады. Алдағы уақытта бұл кәсіпкерлермен қағида талаптарына сәйкес басқарма және «Даму» қоры арасында ұшжақты келісім-шарт жасалып, қаражат кәсіпкердің есепшотына аударылады.

Кәсіпкерлер тапсырған жобалардың басым бөлігі бір-біріне өте ұқсас, облыста бұрын іске асырылған жобалардың қайталау. Билығы конкурстка қондирер өнімін өндіру, тігін цехы, наубайхана және көлік жуу орталығын ашу секілді жобалар көп ұсынылды. Бұған қоса, конкурстка денсаулық



Қаражатты алғанмен жауапкершілікті сезінбейтіндер де жоқ емес екен. Басқарма басшысының айтуынша, былтыр грант алған 18 кәсіпкер жобаны толығымен іске қоспай, қаржыны басқа мақсатқа жұмсап жіберген. Ешқандай жұмыс орны ашылмаған. Енді мақсатсыз жұмсалған 45 млн теңге сот шешімімен бюджетке кері қайтарылады. Бұған қоса, бұрын қолданыста болған құрал-жабдық сатып алғандар да кездескен. Олармен жасалған келісім-шарт бұзылады. Айта кетейік, мемлекет қаржысы қайтарымсыз болғандықтан, кәсіпкер 18 ай бойы тексеріледі.

Кәсіпкерлер тапсырған жобалардың басым бөлігі бір-біріне өте ұқсас, облыста бұрын іске асырылған жобалардың қайталау. Билығы конкурстка қондирер өнімін өндіру, тігін цехы, наубайхана және көлік жуу орталығын ашу секілді жобалар көп ұсынылды. Бұған қоса, конкурстка денсаулық

жұмыстардың барлығы – облыс деңгейінде, облыс әкімдігі мен басқарма тарапынан саланы мамандармен қамту мақсатында қолға алынған шаралар. Ал Жолдауда айтылған мәселеге келсек, Мемлекет басшысы резидентураға бөлінетін грантты 70 пайызға дейін көбейту керектігін нақты айтты. Резидентура дегеніміз – тар буынды мамандар даярлайтын дипломнан кейінгі оқу жүйесі. Резиденттерді жоғары медициналық білім беретін оқу орындары мен республикалық маңызы бар ірі қалаларда орналасқан Ұлттық ғылыми-зерттеу институттары даярлайды. Оған республикалық бюджеттен қаржы қаралады. Ол грант мемлекеттік оқу орындарына беріледі. Президент резидентураға бөлінетін гранттар көбейтіледі дегенде осыны айтып отыр, яғни, медициналық жоғары оқу орындарына берілетін мемлекеттік тапсырғыс көбейту. Ал бұл гранттар ол аймақтағы маман тапшылығын жоюға арналған. Осының арқасында біздің аймақ өңірлер арасында саланы мамандармен қамту көрсеткіші бойынша алдыңғы қатарда келеді, – дейді Зәуреш Сағатқызы.

Денсаулық сақтау саласындағы кадр тапшылығы, білікті мамандармен қамту, жас мамандарды елді мекендерге тарту мәселесі – қашаннан айтылып, талқыланып келе жатқан тақырып. Мемлекет басшысының Жолдауда резидентураға бөлінетін гранттар санын арттыру жайлы айтқаны осы мәселені түйінні тарқатады деп сенеміз.

Жиделі Байсын күйлері:

Оның азан айтып қойған есімі «Әлішер» екен. Ел есіндегі бұл ауызекі мәліметті індеткен әзірге ешкім жоқ. Ендігі жерде оның дерегін табу тіпті де қиын. Кім білсін, солай да шығар? Бірақ Жиделі Байсының бір саласы – Оңтүстік-Батыс аймағы, Қаратаудың күнгей беті мен Қызылқұмды қамтитын күй дәстүрі, ғылымда «Қоңырат күйлері» атанған жердің арғы-бергі тарихы ондай күйшіні танымайды екен. Ал Әлшекей десе, елен етпейтін есті жоқ. Ғылымның бірінші болып тындыруы тиіс жазып алу, жинау, хаттау, зерделеу, зерттеу жұмыстары солған жүргенімен, Қаратаудың теріскейі, Бетпақты жайлаған қалың жұрт күйшінің даңқымен, күй мұрасымен етене таныс. Тіпті, оны «Арқа мен Атырау күйшілік дәстүрін терең игерген» деп те жазды. Әрине, қай пікірдің болсын, нақты мәліметін анықтап, дәстүрін ажыратып, белгілі бекіту – болашақта салыстыра, салғастыра зерттеудің үлесінде десек жөн болар.



Суретті салған Аманат Назарқұл

КҮЙШІ МҰРАСЫН ТАҢАҒА ЖЕЛІ ТАРТҚАНДАР

Қай нәрсенің де бастауында саланың өз мамандары тұрғанына не жетсін? Этномузыка таныу ғылымы әлшекейтануға байланысты жүйелі іс тындыра алмай келе жатқаны өкінішті. Күйшінің өмірбаяны, күй аңыздары, мұрагер домбырашылар жайында мәлімет жинап, оларды ғылыми айналымға қосу міндеті өлкетанушылардың пешенесіне бұйырған екен. Содан да болар, қандай да бір жетістіктен гөрі, қордаланған мәселенің салмағы басым. Оның үстіне, кейінгі кезде ғылымда белен алған жүйесіздіктің салдарынан ілгерідегілердің еңбегін кейінгілер тарапынан көзсіз иелену үрдісі байқалауда. Бір өтірігі шығып қалған кімнің де шын сөзіне сенудің өзі қиын ғой. Сол үшін бұл ғылыми, танымдық үлгіні сақтай отырып, жазылған жайттар мен басылмаларда көтерілген мәселелер тінін белгілі бір реттілікпен тарқатуы жөн көрдік.

Ақын Асқар Тоқмағамбетовтың «Қоңырат Әлшекей-дей күйші өтіпті», «Бозторғай», «Нар ідірген» күй шертіпті» деген өлең жолдарынан кейінгі бастамалы мақала Манап Көкеновке тиесілі [Көкенов М. Күй – құдіретті өнер // Коммунизм жолы. – 1972. – №31]. Жаңақорғанның әдеби-музыкалық мұрасына ден қойған ол Әлшекейдің күйлерін жылдағатпен жинады. «...Сол жылдары...Ә.Бектібаевтың 14 күйін ұнтаспаға жазып алып, Қазақ КСР Ғылым академиясының алтын қорына өткізді» деген болатын, Үсен Әбшенұлы [Әбшенұлы Ү. Кертолғау, қандай күйдесін? // Коммунизм жолы. – 1987. – 21 қараша]. Ал Х.Тұрсын әлгі күйлердің саны 15 екенін жазыпты [Тұрсын Х. Әлшекей // Ана тілі. – 2022. – 8-14 қыркүйек]. Олай болса, зерттеу мекемесіне тапсырылған Әлшекей мұрасының саны нақтыланғаны дұрыс.

1966 жылы ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың кабинетінде жазушы Сәбит Мұқановтың «Зерттеуші дүниелер екен-ау» деген пікірін естіп, елге келген соң Шиелі аудандық партия комитетінің хатшысы Дүйсенбі Смайлұловтың үйінде «Социалистік Қазақстан» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі Байжігіт Әбдіразақов үшеуі күй жайында сұхбат құрып отырғанда, «Әлшекей күйлерін жинастыруды, нотаға түсіруді ешкімнің қолға алмай отырғанын әлгі екеудің есіне салғандан кейін Б.Әбдіразақов «Өзент» совхозында көлік жүргізуші болып жұмыс істейтін домбырашы Әбдірақырды жолығып, Әлшекейдің күйлерін тындап, шығу тарихын жазып алып, көп ұзамай, «Социалистік Қазақстан» газетінде «Күй құдіреті» деген очерк жазып, Мәдениет министрлігіне сын айтыпты» [Әбшенұлы Ү. Кертолғау, қандай күйдесін? // Халық күйшісі Әлшекей Бектібайұлының мұрасы жайында. Сыр бойы. – 2005. – 13 қазан].

Биік мінберден бұлайша күркіреу оңай шаруа емес еді. Неге екені түсінісіз, әлшекейтанудағы сірескен сөз мұнан кейін де баяу қозғалып жатты. Бір қызығы, Әлшекей жайында қалам тартқандардың дені күй шерте білетін. Осы тақырыптың тңірегінде бірнеше мақала жазған Хәзіретәлі Тұрсын журналист Ү.Әбшенұлының домбырашылық қырына тоқталып, Собеннің батасы оны «өнертанушы Үсенге, күйші

Үсенге айналдырғанын көреміз» деген елі [Тұрсын Х. Естелік жайлы естелік // Жаңақорған тынысы. – 2017. – 15 қыркүйек]. Өкінішке қарай, нақты айтақ – күй жазылған ұнтаспалар кейінгі бұныға жетті ме, жоқ па? Мақалада музыкалық фольклортану үшін аса қажет мұндай нақтылықтар құнтталмапты.

Жанашыр жинаушының және бірі – Досан Шапаков 1974 жылы «Халық композиторлары туралы жана деректер» деген «Қайта жаңғырған саз» атты өңгіме-концерт жасап, Әлшекей тңірегінде мақалалар жазды [Шапаков Д. Әлшекей күйші // Коммунизм жолы. – 1992. – 28 сәуір]. Радиохабар авторы «Бозторғай», «Аққу», «Сыбызғы», «Бозинген», «Бозторғай» күйлерін білетін Қаңтарбай Оразбаевтан түрлі себептермен аталған күйлерді жазып алып қала алмағанына өкініш білдіреді. Сол жылы өзі Жаңақорғанда екі мәрте болып, Қызылорда облыстық радионың тілшісі А.Бсқаков пен М.Көкеновті ертіп алып, күйшінің қызы Үлболсынның (1900-1983) жолыққаны айтады.

1968 жылдың күз айында аудандық газеттің қызметкері ұнтаспаға күйшінің мұрагері Дәнебектен бар білетін күйлерін жазып алғанын, сол жылы жазып алушының қайтыс болғанын айта келіп, «Сол күйлердің қайда екені белгісіз» деген еді. 1979 жылы жазылған мақалада Мәдениет министрлігі жанынан экспедиция бөлімін ашу керек екенін мәселе етіп қойды: «Келесіз жайлардың етек алуынан халық мұрасын өздеріне жинаушылар көбейіп барады. Бірақ сол жинағандарың еш жерден өткізбей, «сүрлеп» жүргендер де кездеседі, – дей келе, жоғарыдағы өкінішті жайыты тағы да еске салады: «Сол жылы Дәнебек дүниеден өтті, Ы.Дәрібаев қайғылы қазаға ұшырады. Күй жоғалды. Ұжымдық жұмыстың тиімділігін осындайда мойындаймыз» [Шапаков Д. Күйшілік дәстүрдің жалғасы қалай? // Лениншіл жас. – 1979. – 7 желтоқсан].

Халық күйшісі жайында, әсіресе оның күй аңыздарын хатқа түсіруге қатысты алғашқы жүйелі еңбек, күйшінің портретін жасауға талпыныс жолындағы «Әлшекей» атты очерк аудандық «Жаңақорған» газетінің редакторы болған Құдабай Ертаевқа тиесілі [Әбдіразақов Б., Ертаев Қ. Сыр сандактары // Әлшекей. Алматы: Өнер, 1985. – 3-25-бб.]. Сол кезде, 1934-1936 жылдары Майтөбеде бастауыш мектепте Әлшекейдің үрім-бұтақтарымен қатар оқыған ол әңгімені түп өзекең қайырып, «Әлшекей жайындағы өңгімеге жасынған қанық болу себебім, осы деректерді алғаш солардан естідім, күйлерін солардың ата-аналары мен ағайындарының айтқандарынан тындап өстім» дейді. Тұманың мөлдірінен қанып ішкен журналист Әлшекейдің түп-тамырын былай түйіндепті: «Әлшекей 1847 жылғы көктемде туған. Айы-күні жайында нақты дерек жоқ. Атасы Сықмайбей өз өңіріне танымал дәулетті кісі болған. Қыста Сыр бойындағы Шұрық, Майшы, Майтөбе құмдарын, жазда Қаратау ішіндегі Жиделі өзенінің жоғарғы жағындағы Көкбұлақ маңын мекендеген. Елдің айтуынша, ашық-жарқын мінезді, ұшқыр ойлы, ойындағысын бүкпей бетке айтатын өткір жігіт болған деседі. Домбырашылық пен әншілік өнерге, серпіл сауық-сайранға құмар болыпты. Алайда, күйшілік өнер Әлшекейге нағашы атасы Рүстемнен қонса ке-

рек. Аралбай, Жылқыбай, Жиренбай, Бектібай, Сармантай атты бес тұяқ көрген (негізі Сықмайбайдан Бердібай мен Бектібай, ал Бердібайдан Сармантай, Аралбай, Жылқыбай, Жиренбай. – авт.). Әлшекей – Бектібайдың тұла бойы тұңғышы» [Сыр сандактары, 3-4-бб.]. Әрине, Қ.Ертаевтың мәліметтерінде де нақтылайтын нәрселер бар, оған ретімен аялдаймыз.

1971 жылы Оңтүстікке жасалған фольклорлық экспедиция кезінде, Жетісайдың құрылысшылар клубында, бір отырғыста 50-60 күйдің тиетін тоқтаусыз ағытатын Ақбала күйшіден 12 күй үйренген, сол кезде 70-тің қырақасындағы Қызылқұм ән, күй, мақамдарының білгірі Қайыпназар Әйтенов Әлшекейдің күйлерін тартқанын жайында Ілия Жақанов былай деп жазады: «Ақбала тартқан Әлшекей күйлері қызылордалық домбырашылардың орындауында эфирге шықты. Қайыпназар арқылы Ақбала, Ақбала арқылы Әлшекей сияқты ірі күйшілер дүниеге қайта келгендей болды» [Жақанов И. Аққулар қонған айдың көл. Деректі әңгімелер, эсселер. Алматы: Жазушы, 1988. – 178-180-бб.].

Одан әрі Әлшекейдің өмірбаянын сабақтап, заманында Созақ, Шу, Арқа жағына барып, серлік құрып, Ықылас күйшіні көріп, күйін тындап, Түркістан, Әулиеата, Ташкент базарының гүлі болып, күй толғап, үлкен жиналдардың сәнін кіргізгенін; Қызылқұм, Сыр алабы, Қаратау Әлшекейдің тамылжыған күйлеріне елтігенін; әуелде сыбызғы тартқанын, кейін келе, домбыраға ауысқанын толғапты. Сөз жоқ, базардың ішінде өнер көрсету – бұрын-соңды қазақ күйшілік өнерінде болмаған, жана заман нызамына ілесе келген жаналық. Бұл Қазалыда, татар саудагері Арбабты шайханасында жалдамалы домбырашы болған Жалдыбай Елеукевтің амалсыз әрекетін еске түсіреді. Зерттеушінің түйінді сөзі мынау: «...көне-көздер таусыла-таусыла, кешегі бір кезде Әлшекейдің жиырма шақты күйі жетіпті». Аталмыш мәліметтердің Қайыпназар қариядан шыққаны анық. Олай болса, зерттеушілер Әлшекей күйлерінің Жетісай жағына тараған қызылқұмдық домбырашылар тартқан нұсқасы мен өңірде айтылатын аңыздарды толайым айналып өткенін, өкінішті болса да айтуымыз керек.

Өзіне дейінгілердің еңбегіне құрметпен қарап, пайдаланған мәліметтер көзін көрсетіп отыратын дирижер, домбырашы Е.Нұрымбетов профессор Х.Тұрсын жайында «үш адамға ғана берілген құнды қолжазбасының төртіншісін үлкен үмітпен маған ұсынды. Қолжазбаға ие болған үш кісінің бірі – Таракты Ақселеу» деген мәлімет айтады [Бектібайұлы Ә.Толқын. Партизуралар / Күйлері нотаға түсіріп, редакциялап, баспаға әзірлеген Е.Нұрымбетов. Астана, 2017]. Осы қолжазба арқылы күйшінің өмірбаянын, күй мұрасын зерделеу, басқа да мәліметтерге, Сыр бойында айтылатын күй аңыздарына, жоғарыда аталған зерттеу, мақалаларға сүйеніп А.Сейдімбек Әлшекейдің шығармаларын, әсіресе оның күй аңыздарын ғылыми айналымға қосуға әрекет етті [Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері // Бектібайұлы Әлшекей. Астана: Күлтөгі, 2002. – 546-556-бб.].

Әлшекей жайындағы көптеген мақалалар ілгерідегі деректермен бір ізді басатын болғандықтан, Е.Нұрымбетов [Нұрымбетов Е. Сыр сүлейі

Әлшекей. Алматы: Исламнұр, 2005; Қызылорда облысының күйшілік дәстүр. Диплом жұмысы. Алматы, 1997], Б.Айсынов [Айсынов Б. Күйші, композитор Әлшекей Бектібайұлы // Коммунизм жолы. – 1987. – 15 қараша] секілді домбырашылардың еңбектеріне тоқталмадық. Ал журналист Т.Тәшеновтың күйші Т.Дүйсебековпен екеуара сыр-сұхбаты басқа да домбырашылармен жасалғаны өкінішті [Тәшенов Т. Әлшекейдің күйлерін әркім тарта алмайды // Айқын. – 2012. – 5 сәуір]. Мұндай танымдық, деректемелік дүниелерді барлай зерттеу тәсілін негіздеу үшін тігізер пайдасы орасан.

Ал Д.Шапаковтың шаңырағында қалған материалдарға негізделген Дарига Досанқызының Әлшекей Бектібайұлы жайындағы дақыртқа айналған дипломдық жұмысы қорғалды ма, жоқ па? [Абдуов Қ. Әлшекей туралы диплом қалай қорғалған? // Әлеуметтік желідегі жазбасынан. 15.01.2022]. Егер қорғалса, осы уақытқа дейін консерваторияның мұрағатынан шығар еді ғой. Соған қарағанда, қорғалмағаны рас сияқты. Не де болса, сол еңбекті қолжазба күйінде болсын, ғылыми айналымға ендіру, күйші жайындағы дерекнама ауданының кеңейту тәсіліне септесе түсер еді. Ал күйшінің мың қолдан өтіп, сан құбылған өмірбаяны мен күйлерінің түрлі жақтарына еніп, айналымға түсуі [Ұлы даланың көне сарындары. Антология. Үш томдық. – Т. 2. Аспаптық көне сарындар. Дәстүрлі күй өнері / Жау. ред. А.Ж.Қазуғанова. Алматы: Brand Book, 2020. – 652-662-бб.] теориялық түйінділердің тегін тауып, күн тәртібіндегі құттырмайтын мәселелер шешілейінше, ғылымға мардымды ештеңе бере қоймайды.

БАЙЫРҒЫ ҚОҢЫРАТТЫҢ БАҒЗЫ КҮЙЛЕРІ

Әлшекейдің елден ірге көтергеннен кейін бес жылдай өмір сүріп, жамбасы тиген топырақ Жауан (Яван) қыстағына ауа қошу тарихының ұңғыл-шұңғылын кеңірек толғап айтуға бір мақаланың аясы тар. Бұл сапарға шығар алдында ол 40 нұра жұқ артып, екі баласы Ерсұлтан мен Байсұлтанға әуелі Самарқанға аттандырыпты. Өзіне тықыр таянғанда, маысына мініп алып, жолға шыққан. Ал кемпірі Қарағөз (Құлшым) ізнен бірнеше жылдан кейін, пойызбен жеткен.

Пайымдауымызша, қос ағасы Самарқанда тұратын інілері Қарабаланы уақытша паналап, іле-шала Тәжікстан асуы өбден мүмкін. Өйткені Дәнебек Сейсенбай (1926-1964) есімді ұлынан кейінгі Жиделібайды 1934 жылы қырышпен кеткен Жаңабайы дүние салған Қарабала ағасына бала етіп еңілген. Үкіметтен теперіш көре бастаған Дәнебектің өзі 1937-1938 жылдары әйелі Құлпат Құдырқызын (1900-1976) алып, бала-шағасымен Тәжікстанға ауған. Олар Жиделібаймен (1928-2004) сол жақта қауышыпты. Бұл кезде Әлшекей дүние салған. Қарағөз кеңзе ұлы Мұсаның қолында тұрып жатқан. «Қарағөзді ұзатқанда немеренісі Мырзақұлдың Әбділасын ертіп жіберген екен. Сол кісі сонау Тәжікстан, Өзбекстан жерлерінде біздің ауылмен бірге көшіп жүріп, 70-жылдардың ортасында қайтыс болды» деген Исламбек Мұсаұлының дерегі ден қойғызды.

Үркінішлік саябырлағасын, 1961 жылы Ташкент түбіндегі «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозына 4 жыл аялдап, Қарабаланың (1870-1954) өзбек әйелі Есенқұл Өсерқызынан туған бес бауырын ізне ертіп алған Дәнебек (1892-1969) 1965 жылы тайлы-таяғы қалмай, туған топырағына қайтып оралды. Ал ежелері мен «Балдыны желинен» өлген қос немеренің асыл сүйегі Жауанда – байырғы қалың қоңырат жерінде мәңгілік байыз тауып қала берген. Ақырғы көштің бұйдасын ұстаған екеу – Ерсұлтан мен Байсұлтанмен сүйегі сыртта қалған, ал жарғаты қазір Сығанақта тұрады. Араға 71 жыл салып, Жауанға барып, зиярат жасап, «Шахидон» зиратында жатқан бабасының қабіріне мәрмәрден белгі қойып қайтқан шөбересі Оңғарбай Дәнебековтың еңбегі ерен. Бұл жайында кезінде А.Уайсова жазған болатын [Уайсова А. Әлшекейдің күйші өткен Алашымды... // Астана Ақшамы. – 2014. – 28 қаңтар].

Сонымен, сол тізген тарта тұрып, қазақ ғалымдарының арасында түрколог Максат Мұхитденовтен басқа ешкім еске алмаған байырғы қоңырат күйлерінің жайын толғап көрейік. Иә, Жиделі Байсын

күйлері деген түрден түспеген тақырыптың аужайын сонау студенттік жылдары, бозбала шағында қозғап, тыңға түрлен түсірген біз едік. Сол еңбегімізді Мақан «Сыр бойы күйшілік мектебінің бір сағасы – Қызылқұмның домбырашылық үлгісі туралы алғаш қалам тербеген Берік Жүсіпов еді. «Жиделі Байсын күйлері» атты кезінде қазақтың күй өнерінде сенсация тудырған осы ғылыми еңбектің рухани нәсілімізге қозғау салар серпіні әлі күнге өте өзекті. Себебі бұл – ұлыстық дәуірдің тарихы. Сондықтан болашақта аталмыш зерттеудің жалғасы да болары сөзсіз» деп бағалапты [Мұхитденов М. Байсын дәстүрі қалай «басамашылар күйіне» айналды? // http://mad-enportal.kz/article/4779-2020.-28 наурыз]. Мақаланың авторы Оңтүстік өлкенің күнгей тұсына Қаратаудың шерттелері етене сіне қоймағанын ғылыми түйсікпен жіті аңғарып, есесіне жергілікті өнерпаздар Жиделі Байсын, Сыр дәстүріне жүрдек келетінін, Әлшекейдің үлгісіне бейім екенін, күнгейдің өзіндік төл мақамы теріскеймен салыстыруға келмейтін алабеттен арна екенін дұрыс бағамдаған.

Жалпы, Жиделі Байсын күйлерінің дәстүрін толық түсіну үшін мынадай жайтты білуіміз қажет. Ақсүмбіден жіңішкеріп, Сауыскандықпен құрметелін Солтүстік Қаратау сілемдерін өрлей келе, Байжансайды жағалап, Қаратаудың Батыс сілеміндегі Жауанға жеткен жан Вахш (Қызыл су) өзеніне тіреледі. Арғы жағалау – Ауғанстан. Қызыл су құйылатын Әмудария жағалауындағы Сұрхандария, Байсын, Қашқадария – байырғы қоңыраттар жайлаған құтты қоныс. Әуелде Әлшекей не үшін Жауанды таңдағанын осыдан-ақ көруге болады. Тау арасы бұрын да, қазір де мың тілім, айғыз жол. Бұл оның нақты қай сарпақа түскенін енді есқашан да біле алмаймыз. Ал Қызылқұм – Шиелі, Жаңақорған даласынан Үшқұдық бағытын маңдайға алып жатқан шөл дала. Шығысында – Сырдария өзені, батысында – Арал теңізі. Осының бәрін бір сөзбен, Жиделі Байсын атауына сыйдырамыз.

Жиделі Байсын күйлерінің жайын сөз еткенде, бірнеше домбырашылық дәстүрдің тоғысында тұрған Әлшекей феномені ерекше екенін айтуымыз керек. Десе де, күй құрылымындағы белгілі бипігін бағындыра алмай қалған әуендер толқынына қарап отырып күйшінің шығармашылығы орасан шығынға ұшырап, ортаңқол орын-даушылық вариация тезіне түскенін байқауға болады. «Өзбекская домбровка музыка» жинағының жинаушы, құрас-тырушысы Ф.Кароматов халықтық музыка мұрасы ішіндегі аспаптық музыканың XX ғасырдың 50-жылдарына дейін зерттелмеу себебін домбыра күйлері өзбектің өзге жергілікті (локалды) музыка түрлері мен жанрларынан стильдік тұрғыда едәуір айырмашылығы болғандықтан, бір тыңдағанда, «өзбектікі емес» сияқты болып көрінуінен, сондай-ақ домбыра аспабының Өзбекстан топырағында жаппай таралмағаны, кәсіби халық музыкалары бойдаланбайтынын айта келіп, «Она считается им инструментом не узбекским» деген қорытынды жасау арқылы ақиқаттың ақырғы нүктесін қояды [Кароматов Ф. Узбекская домбровка музыка. Ташкент: Гослитиздат УзССР, 1962. С. 3].

Сондай-ақ, фольклорлық экспедиция кезінде жиналған материалдар өзбек пен қазақ домбырасында айырмы ерекшеліктер барын, өзбектің домбыра күйлері мен қазақ, қырғызға тән аспаптық шығармаларда ортақ белгі жеткілікті екенін, аталмыш шығармалар Қашқадария, Сұрхандария облыстарының таулы, жазық жерлерінде таралғанын, өйткені бұл жерлердің тұрғындары Орта Азиядағы қазақ, қырғыз, басқа да этностар сияқты көшпелі тұрмыс мәдениетін тұтынағанын, жазық жерлердің тұрғындары арасында өзбектің ауызша таралған кәсіби музыкасына тән мақомдар мен аспаптық әуен-әуездердің дамыған формалары мүлдем кездеспейтіндігін айтады. Сөйтіп, «Отсюда у них и иные обычаи, иной быт и иная музыкальная жизнь», различные от других областей Узбекистана» деген тұжырым жасайды [Кароматов С. 4.]. Ал аспаптардан қобыз, сыбызғы, шанқобыз бар екенін, домбыраны әрбір кара үйден кездестіруге болатынын, сондай-ақ оны үй іесі тартпаса да, келген мейманы тарту үшін керегенің басына іліп қоятынын жазыпты. Мұнысы, енді, біздің қазақ үшін онша танысқ түсінік емес.

Мұнан ардағы түйінге

тіпті түсіндірмеңің керекі жоқ: «Особое внимание привлекают такие домбровые песни, как «Кунгириги» («Конгратская»), «Лакай» («Лакайская») и другие. Уже названия этих песен и широкая их популярность в местностях, где проживают конграты, лакай и др., по имени которых названы песни, указывают на принадлежность этих мелодий тому или иному роду или племени [Кароматов С. 14.]. Ал М.Мұхитденовке айтқызынаңыз: «Қоңырат» үлгісінде күй шертіп өткен соңғы өнерпаз – Әлшекей Бектібайұлы. Өнерлікер арасында «қоңырат күй» деген аты жойылғанымен, кейінгі ұрпақтың санасында сарайған естеліктер бар екені рас, бірақ оны қоғамдап зерттеушілер де болмады. Ендігі жерде кеңес идеологиясы өзбек пен қазақтың аспаптық өнерін бөле зерттеуді қолға алды. Тек А.Затаевич қана осы өлкедегі қоңыраттардың ән-күйлері ерекшелігін сипаттаған жазбалар қалдырды».

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсін» деген сөздің мысалы – осы. Рас, сонау тарихи Алпамыс заманы, оғыз-қыпшақ дәуірінен, «Қазанбектің ауылын жау шапқаны туралы жыр» дерегінен ұшырасатын «Қарашықтың қабыланы, Қоңыраттың иесі, қалың оғыздың дәулеті мен бақыты» деп келетін жыр мәліметтері тегін болмағаны. Десек те, байырғы қоңыраттар бүгінде өздерін ресми өзбек ұлтына жатқызды. Әрине, бұл қолдан жасалған шартты, кеңестік-идеологиялық бөлініс қана. Түбін түртіпсе болды, шыншайды шатынап кеткені тұрған нәзік тін. Түркологқа пайымдатсақ: «Өзбекстандағы қоңыраттар «диаспора» емес, байырғы ұлт, яғни тарихи отаны, жері бар жергілікті халық болып саналады». Түйіп айтқанда, эпостағы және эпикалық күйшіліктегі оғыз, қыпшақ қоңырат дәстүрінен ешкім ешқайда қашып құтыла алмайды. Ғалым Тынысбек Қоңыратбайдың «Алпамыс» жыры талданатын тарауды «Қоңырат эпосы» деп атағанда осындай мән бар [Қоңыратбай Т. Эпос және этнос: Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. Алматы: Ғылым, 2000].

«Қоңыраттар – өзбек музыкасы мәдениетіндегі «кунгириги» деген аспаптық-музыкалық жанрдың басисі» дейді, тағы да сол М.Мұхитденов. Бір заманда Қоқан мемлекетіне қарап, кейін ақ патша жаулап, «Орыс империясының Түркістан генерал-губернаторлығы» деп аты өзгергенмен, Хиуаға қарасты Сыр бойын Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский шауып, ту-талақай еткенімен, Ақмекет пен Ташкентті генерал П.М.Кауфман басып алғанды.

Оңтүстік-Батыс, күнгейдегі Қызылқұмға қарайтын жерлерге генерал М.Г.Черняев әмір жүргізгенімен, ақыры дүниені құлталан етіп, большевиктік режим орнатқандан байырғы қоңырат күйлері дәстүрінің зағы өзгерді ме? Тек Әумен Сырды тел жайлап, ортақ рухында құтын егіз емген жұрт бастау бұлағынан айрылып, шілдің тезегіндегі бойдаланбағанына, ештеңе де өзгерген жоқ. Сол үшін де, қазіргі Өзбекстан мен Тәжікстан жеріне кеңестік шекара тұрғысынан қарасаң «жат жұрт, шалғай мекен», ал аңғалаймызды ашыңқырасақ, келегі әулие шалдарының емін-еркін көшіп-қонып жүрген өз топырағын. Осымен, ылан орнатушы Кеңес үкіметі диттеген мақсатына жетті, жоспарлы шаруасы тынды. «Ал енді Өзбекстанда керісінше жағдай етек алды. Жиделі Байсын жерінің күйшілік өнері дами түсті. Өзбектің домбырашылық өнері өзбек музыкасының жана тарихына «Қоңырат күйлері» деген атаумен кірді» деп түйеді сөзін М.Мұхитденов. Қоңырат күйлерін ерекше құптап, музыка тілінде байытқан Ф.Кароматов болса, «Қоңырат күйі» («Кунгирот күйі»), «Қоңырат шертісі» («Кунгирот чертиши»), «Қара Қоңырат» («Қара Кунгироти») секілді ерекшеліктерді атап көрсетіп, оларды 1. Аспаптық әуендер, 2. Дастан сазы («Бахши күй») деп екіге бөле қарастырды ұсыныпты [Кароматов С. 12].

Өйткені өзбектің эпикалық дәстүріндегі дастан сазының домбырашылар репертурынан ерекше орын алатыны соншама, оның аспаптық музыкаға айналып кеткен нұсқалары өте көп кездеседі. Бұл құбылыс қазақтағы эпикалық айтушылық дәстүрден берік орын алған «Жыр күйірімен» бір ізді басады. Әлшекейдің күйлерін тындап отырғанда өзгерген ескі жыр әуені мен жоқтау сарыны аңқыды.

Әлшекей френомені



Әрине, осы кезге дейін аталмыш ерекшелікті күйшінің жас кезінде сыбызғы тартып, қобыз шалғанымен байланыстырып, Арқа мен теріскейдің күй дәстүрін де іздеп келді. Олай болса, ақиқат ауылына жетіп-жығылып тұрған сәтте, енді Әлшекейдің музыкалық мұрасын Байсындағы «қоңырат күйлерімен» салыстыра, салғастыра зерттеу мәселесін күн тәртібіне қоятын уақыт жетті. Ғалым Ф.Кароматовтың жинаған материалдарының ішінде бұл әрекетті ғылыми тұрғыда ақтап алатын дерек жеткілікті.

Кезінде шекара, шегіті білмеген тағдырлас түркі тайпалары, оның ішінде Лақай, Қоңырат, Құрама, Дүрмен, Қарлұқ, Марқалардың таным-тарихына әсер еткен бұлғакты кезеңдер, Оңтүстік Әзбекстан мен Тәжікстан қоңыраттарының генеалогиясын зерттеген Б.Х.Кармашеваның тәжік топырағын мекендейтін халықтардың этникалық құрамы жайында талдама жасап, көшіп-қону миграциясын зерделеген мына еңбекті емірмендей оқу мүмкін емес: «Тілі өзбектен гөрі қазаққа жақын Қоңырат, Лақай сияқты тайпалардың ұрпақтарын бүгінде өзбек деп жазып жүргенімен, олардың өздерінің де айтуынша қазаққа жақын адамдар» [Нуралиев А. Тәжікстандағы қазақтар. Душанбе, 2017]. Қазақтардың Тәжікстан топырағына көшіп келуін автор бос кезеңге бөліп қарастырыпты. Алғашқысы Дешті Қыпшақтан Мауереннахрға XV ғасырдың соңында келгендер. Соңғы кезеңге жатқызылған тап күресі науқаны күшейгенде молда, ишан, бай есебінде қудаланған қазақтар қатарында Әлшекейдің де есімі аталады. Тап осы кезде Тәжікстанды «екінші отаным» деп санаған қазақтар саны 70 мың болған екен.

Сонымен, Хатлон облысындағы Қорғантабе, Вахш, Фархар, Куляб, Яван, Жылыкөл, Қызылсу, Гараути сияқты елді мекендер, Хисар өңіріндегі кейбір аудандар көшіп келген қазақтардың жайылым жері мен егістік алаңына айналды. Олар бос жатқан тың жерлерді игеріп, қалыңа жаратқан. Содан егістік жердің аумағы көбейіп, малға жайылымдық жер таршылық ете бастағанда түркі тайпалары диканшы тәжіктерді тау баурайына қарай ығыстыра бастапты [Кармашева Б.Х. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана. – М.: Наука, 1976]. Сөйтіп, тәжіктер мен қазақтар арасындағы алыс-беріс нәтижесінде мал өнімдерін диканшылық өніміне айырып-бастап, өзара талас-тартысыз, мәдени, әдеби ықпалдастықта тату-тәтті тіршілік етіпті.

1928 жылдың басында жүк артық түйемен Тәжікстанға Әлшекеймен бірге келген адамдардың арасында күй тартып, ән шырақтайтын өнерпаздар да болғанын, қазақтар тез арада байып кеткенін айтқан, көпті көрген, түрлі қызметте істеген, сол кездегі 14-15 жастағы бала, жүз жасаған қария Мұрадали Салиевтың әңгімесі тіпті ғажап: «Көшпейтін ең қадірлі ақсақалдардың бірін отбасымен менің нағашымның дос тұрған үйіне отырғызды. Бұл үйдің пеші де болатын. Біз олармен көрші тұрдық. Кейіннен білесек, бұл кісі домбыраны өте жақсы тартатын дарынды адам болып шықты. Үйіне келіп-кетіп жүретін қазақтар оның шәкірттері екен. Менің нағашым Қадыр Жәгі ол кісімен жақын достасып кетті. Өмірде бірінші рет аттың үстінде отырып, домбыраны керемет тартқан адамды көргенім... Нағашыммен жақсы дос болғандықтан, ол кісі сөзін жерге тастамай қай жерге шақырса да, бара беретін, кейбір концерт бағдарламасына да қатыстың» [Нуралиев, 83-6]. Жалпы, Әлшекейдің өмірбаянында оның шабандоз, пауран, сейіс, аңшы-мерген екені, айтар ойын ым-шарамен өрнектегені, топ құрамында «сайкымазактар» жүргені, сал-серлік құрғаны, аттың үстінде отырып күй тартқаны, тіпті түрлі триоткер жасағаны жайында көп айтылады. Сөз жоқ, бұл оның далалық цирк өнерінің бастауынан хабарлар болғанының белгісі. Халық өнерпаздарының мұндай жана-шылық қасиеттері арнайы қарастырылған [Бөкебаев Н. Қазақстандағы цирк өнерінің бастаулары мен дамуы. Алматы, 2019. – 148 б.].

АНЫЗ БЕН АҚИҚАТТЫҢ ЖІПІН АЖЫРАТА ЖҮРЕЙІК

Ғалым А.Сейдімбек Әлшекейге тиесілі 34 күйдің тізімін жасапты: 1. «Аласқан қаз» («Аңшының күйі»), 2.



Сол жақтан үшіншісі Әлшекейдің бесінші ұлы Дәнебек (1892-1969) және Дәнебектің қайың атасы Құдияр б. оның баласы Көбен, немересі Сақымбек. Тәжікстан 1949 жыл



Әлшекейдің кенже қызы Үлбасын. XX-ғасырдың 70-ші жылдары

«Айшамен алты тартыс», 3. «Айрауықтың ашысы», 4. «Аққу» («Аққу кеткен»), 5. «Ақжелен», 6. «Ақтабан шұбырынды», 7. «Бозинген», 8. «Бозторғай», 9. «Бөпемен бес тартыс», 10. «Бұқтым-бұқтым», 11. «Жаяу кербез» («Жанақорғанның жаяу кербезі»), 12. «Желмая», 13. «Жіп жүгірту» («Өрмек жүгірту»), 14. «Жалғыз атты жолаушы», 15. «Желдірме», 16. «Егес», 17. «Наридірген», 18. «Наркескен», 19. «Отарба», 20. «Сыңсу», 21. «Сыбызғы күйі», 22. «Сылдырма», 23. «Сауда бұзар», 24. «Герісқапай», 25. «Толқын», 26. «Тайшұбар» («Ханшұбар»), 27. «Төкпаған», 28. «Тоқтаған», 29. «Тоқпырау», 31. «Қоңыр ала», 32. «Шалқыма», 33. «Шерлі» («Жігер»), 34. «Шерт» [Сейдімбеков, 552-6]. Неге сүйеніп алынған тасталғаны түсініксіз, мына тізімге «Ақсақ тоқты» күйі (35) кірмей қалыпты [КСЭ, – 1973. – Т. 2. – 36 б.].

Әрине, күй санының көп болғанына не жетсін? Өзі осынша тізім ішінен төрт күйдің аңыз-шежіресіне ғана тоқталыпты. Қалған күй мен аңыздың кімнен, қашан алынғаны жайында бір сілтеме немесе мұрағатқа бастайтын мәлімет жоқ. Жалпы бүгінгі күйшілік ортаның білетіні, сахнада тартылып жүргені 12-13 күй ғана. Сонда қалған күйдің аңыз-шежіресі мен дерегі қайда? Міне, Әлшекейтанауға өзекті мәселенің бірі – осы. Негізгі, алғашқы аңыз түзуші, тағы да сол Қ. Ертаев екенін айтуымыз керек. Кейінгі ізденушілер оған сілтеме жасауды ұмытып кетіп жатса да, деректерін мүлтіксіз қайталап, табысын «су жаңа» етіп көрсетудің тәсілін тапқаны байқалады. Мысалы, мына кітап пен мақаладан соның үлгісін көреміз [Нұржанов Б. Әлшекей. Қызылорда, 2004. – 112 б.; Нұржанов Б. Әлшекей күйші // Қазақстан мұғалімі. – 2003. – 26 қараша. – № 31–32; Нұрсұлтан А. Әлшекей әлемі. Егемен Қазақстан. – 2022. – 8 маусым].

Сөзіміз жалаң болмау үшін, Әлшекейдің күй аңызындағы басты сарындар, уақиғалар желісімен сюжетті көксанаушылып өтейік. Біз М. Көкенавтың аңыз желісін құрылған өлеңдеріне тоқталмаймыз. Бірақ мұндай тәсілді аңызды жинақы әрі жүйелі жеткізу үшін пайдалануға болатынын қаперге салған дұрыс. Аңыздар ағымын Қ. Ертаев шартты түрде «желіге» жіктепті. Бірінші желі «Тепеңкөк», нысанын Шиели базарынан кайтқан Жәнібек бай. Мұнда Рүстем қобызшының есімі аталады. Екінші желіде Күйікқудық отырған Қожабектің қыз ұзату тойы сөз болып, Мұстафа мен Өтемәлінің (Д.Ш. «сайкымазак» дейді. – авт.) Әлшекеймен сапарлас болғаны баяндалып, «Ақсақ тоқты», «Аққу», «Желмая» күйлері (А. Сейдімбек тізімінде № 4, № 12; бізде № 35) Әлшекейдің төл шығармасы емес, «Рүстемнен үйренген репертуры» қатарында берілген. Десе де, екі автор да «Ақсақ тоқты» күйін Әлшекейдің төл шығармалары қатарынан түсіріп тастау себебін көрсетпеген.

Үшінші желі Қараханның қыз ұзату тойында Баракханның «Ханшұбары» мен кедей, құрбан Аманқұлдың «Тайшұбары» қатар қосылып, күлдістердің бақ сынағаны баяндалды. Сөйтіп, «Ағайынның аты озын» идеясы әспеттеледі. Төртінші желі күйшінің тағы да сол Мұстафа, Өтемәлімен бірге Бекен байдых ауылына келгенінің баяны, сөзге тоқтаған заман өкілінің, сөзден ыққан байдых аярылығы баяндала келе, Мұстафа салдың аузымен Манаптың қиялы

арқылы қиысқан екі шумақ өлең «Айрауықтың ашысы» күйіне телінеді. Бесінші желі «Нар идірген» күйінің дүйім жұртқа белгілі ескі аңызын Әлшекей мен Мұстафаға әуен арқылы адам түгіл төрт түліктің өзін ідіріп, исіндіруге болатыны жайындағы идея алға шығады. Алтыншы желі Шиели базарына божбан Бөпе күйшіні іздеп барып, сәлем беруі мен ұстаз алдында «Тайшұбар», «Айрауықтың ашысы», «Бозинген» күйлерін тартып беріп, «Бөпеден ауған өнердегі «бақ» ұғымның Әлшекейге «қонуы» баяндалады. Ал Д. Шапов, керісінше, «Бөпе шәкірті» дейді [Шапов Д. Әлшекей күйші // Алматы ақшамы. – 1992. – 28 сәуір]. Мұның астарында өнерді «қонды» деп киелеу идеясы, ұстаз бен шәкірт арасындағы «баға беру» дәстүрі жатыр. Жетінші желі Ақмешіт төнірегіндегі домбырашы, тәкаппар Айша қызға арналған «Өрмек жүгіртпе», «Егес» күйінің аңыздары сөз болады. «Мшлаймен тартты» дейтін мифтік ұғым да осы жерден қыла беріпті. Біз бұл жайында және Әлшекейтанауға қатысты біраз келелі жайтқа бұрын тоқталғандықтан, бұл жерде оған аялдамаймыз [Жүсіпов Б. Жиделі Байсын күйлері. Алматы: Ғылым, 2000. – 51-54 бб].

Сондай-ақ, осы жерде «Айшамен алты тартыс», «Бөпемен бес тартыс» ұғымның қарабайыр түсінікпен шатастыру бар екені байқалады. Бұл кәдімгі, бір ұшырасқанда Айша мен Әлшекей немесе Бөпе кезектесіп, бес-алты қайырып күй тартысқан дегенді де білдіруі мүмкін екенін қапарге тұтқан жөн. Сегізінші желі Бабажан әуленің мүжизасы, соған орайлас «Толқын» күйі. Тоғызыншы желі әйелі «Кенжекызын» мезгілсіз қазасына шығарған» дейтін «Шерлі», сондай-ақ «Отарба» күйінің қисыныс тарихы. Оныншы желі даңқты күйші өмірінің ақыры, Тәжікстан сапары, күй аманат, туған жерге сағыныш сияқты ірі идеяларға иіп әкелетін «Тоқырау» күйінің жайы күйттелепті.

Мұндағы аңыз атаулы дәстүрлі ауызекі баяндаудан тыс, көркем тәсілмен берілген. Сондай-ақ қай аңыздың нақты қандай дерек берушінен алынғаны сияқты аздай қажет ғылымилық тәсіл сақталмаған. Өкініштісі, мидай сапырылған жүйесіздікке әуелде осындай мәнәйі себептердің негіз болғаны байқалады. Кейінгілер осы деректерді көзсіз көшіре берген. Міне, бір шолып откенде көзге іліккен негізі солқылақ, арқауы әлісіз, дәлелі кемшін нәрселер – осылар. Әрине, мәселенің анық-қанығына жетіп, белгілі байлама жасау үшін Әлшекей және оның күй мұрасы жайында бір жүйелі монографиялық жұмыс керек-ақ.

Мысалы, І. Жаканов Қайыпназар қариядан естіп, жеткізген «Шерлі» мен «Тепеңкөк» күйлерінің аңыз өзгеше. «Арқадан серілік құрып, қайтып келе жатып, өз тобындағы Баймұрат есімді жігіттің кенет қайтыс болуын елге «Шерлі» күймен жеткізеді. Ал мінген пырағы көкбестінің қонді өсірер жүрісіне шаттанып, «Тепеңкөк» күйін шертті» дейді [Жаканов, 178-180-бб]. Мұнда келтірілетін тармақты күй тартыстардың атауы да ден қорлық: «Бөпе қызбен тартыс» (жанақорғандық нұсқада Әлшекейге баға беретін ер адам, Бөпе күйшіні жеткізгілді нұсқа «қыз» дейді. – авт.), «Айша қызбен тартыс». Жетісайлық нұсқада жанақорғандық автохтонды ұғымға айналған «бес тартыс», «алты тартыс» деген тұрақты

сөз тіркесі жоқ. Міне, байқағанға жаңақорғандық вариант пен жетісайлық версияда айырмашылық үлкен. Алғашқысы журналистік қалыптау арқылы көркем реңк алып, аңыз тоғайтын байырғы далалық дәстүрден алшақ кетсе, екіншісі аңыз айтып, әңгіме толғаудың тұмса қалыпты сақтауға бейім. Сол үшін де Әлшекейдің күй аңыздарына ерекше сақтықпен қарап, ғылымилықпен зерттеп, зерделей түскен абзал.

Ден қорлық нәрсенің және бірі І. Жаканов Әлшекейдің мұрасын жеткізушілер қатарында Жанақорғанда тұратын Қамбар (Қамбарбай, – Д. Ш.) деген карттың есімін атап, Ақбала күйшінің Әлшекейге шәкірт болғанын айтыпты [Жаканов, 181-6]. Әлшекей күйлерінің Оңтүстік-Бағыстағы Қызылқұм күйшілік дәстүрінің мұрасын жеткізушілер қатарында Жанақорғанда тұратын Қамбар (Қамбарбай, – Д. Ш.) деген карттың есімін атап, Ақбала күйшінің Әлшекейге шәкірт болғанын айтыпты [Жаканов, 181-6]. Әлшекей күйлерінің Оңтүстік-Бағыстағы Қызылқұм күйшілік дәстүрінің өкілдері арасында мошұр болуын осындай қисынмен негіздеуге болады, әрине. Күйші Ақбала Жанғабаловтың өмір дерегі мен күйлері Жізақ облысының Фарыш ауданы Шымқорған совхозының тұрғыны, күйшінің қарындасы Шәрқұлден туған жиені, бес жасынан бастап нағашысы Ақбала күй тартуға баулыған әйелі домбырашы Шағдар Ақылбеков арқылы жетуінің өзі Жиделі Байсын күйлерінің табиғаты мен шалқыған географиялық шекарасын айтап түсіндіретін үлкен айғақ.

«Әлшекейдің алдын көріп, өнерінің өрісін ұзартқан шәкірттері Жанғабалов Ақбала, Әлиев Сүгір, Қаламбаев Жаппас сияқты доулескер күйшілер. Ал олардың көзін көрген, тағылымын алған келесі буынының көш басынан Момбеков Төлгенді атауға болады. Бұл күйшілердің бәрі де Әлшекейден бастау алған өнер қауасынан сусындап, ұлы дәстүрді өміршең етушілер» [Сейдімбеков, 546-547-бб] деген пікірдің мәліметі де ескеруге тұрарлық. Сол секілді, Ақаң Әлшекей күйлерін тартқан Айсын Райымбеков, Ибаш Өтелбаев, Жаманқұл Құлменов сияқты бірқатар орындаушылардың есім-сойын атапты [Сейдімбеков, 552-6]. Олай болса, Әлшекейдің күй мұрасын жеткізуші домбырашылардың тарихы өз алдына зерттеліп, мұрағаттағы күйлер мен оның орындаушыларын анықтап, ғылыми айналымда жүрген күй атаулары мен өзара салғастыру керек.

«Қазіргі таңда Әлшекейдің күйлерін әркім өз естуіне орындап жүр» дей келе, Ү.Әбішев солардың ішінен Әбілқайыр Жүсіпов, Кемел Жұмабаев сияқты домбырашылар есімін бөлектепті. Бір қызғысы, журналист орындаушылық вариация кезінде орын алатын айырмы ерекшеліктерді байқаған. Десе де, оның себебін ажырата алмаған, домбырашы тарапынан әр қайталап тартқан сайын болатын дәстүрлі әрі заңды ауыс-түйістерді жете түсінбеген [Сыр бойы, 2005]. Әрине, қазақ күйінің импровизацияға құрылған табиғатын бұзып, қасаң нотаға шегендеп тастау тәсіліне көшкен қазіргі кезең үшін орындаушы, тыңдаушы һәм зерттеушіден мұнан артықты күтуге де болмайды.

«Әлшекейдің ата-бабасы малшылық пен диканшылықты қатар кәсіп еткен. Бектібай да, оның әкесі Сикымбай да өз дәулеті өзіне жеткен, шаруасы мығмы, кісіге жүзін салмайтын адамдар болған. Мағы қонды болып, егісі шүйгін шыққан жылдары Сикымбай әулеті серпіле көшіп, Бетпақдаланы басып өтіп, Арқаны жайлап қайтатын. Мұның өзі бозбала Әлшекейдің Арқалағы Тока, Дайрабай, Ықылас, Қыздарбек

күйшілермен диалогуына, олардың өнерін өнге тұтуына елеулі ықпал еткен» деген пікір де негізсіз емес [Сейдімбеков, 547-6].

Жалпы, мәліметтер Әлшекейдің үш әйел алғанын айтады. Тарихшы Х.Тұрсынның деректеріне сүйенген А.Сейдімбек олардың нақты түсін түспейтін: он алты жасында құда түсіп алған алғыншысы – Қаратаудың теріскейін жайлаған таманың қызы Шолпаннан көрген ұлдары Ерсұлтан мен Бексұлтан екен. Екіншісі – қарашаның Әлшен аталығының қызы Сырғағұлден (Нәліше, – авт.) Қарабала, Жұмабек, Данабек. Үшіншісі – қыпшақ қызы Қаракөзден (Күлшәм, – авт.) Мұса мен Әуелхан. Басаяғы 7 ұл, 7 қыз. Сонымен, күйшінің кіндігінен өрген әулет қазіргі Қызылорда, Шымкент, Ташкент аймағында 40-50 шаңырақ болады екен [Сейдімбеков, 547-6]. Бір эттеген-айы, ғалым осыншама нақтылықтың дерек-көзін ағаймайды. Ондай мәліметке тоқталуды қажет деп таппаған сияқты. Ендеше, бұл болашақ зерттеушілер арнайы, шұқшия зерттейтін мәселе. Ал сонда «Шерлі» күйінің аңыз-шежіресімен байланыстырылатын, «мезгілсіз қаза болған Кенжегүл» күйшінің қай әйелі, төртіншісі ме, әлде алғыншысы – Шолпаннның лақап есімі ме? Біз де ақиқаты аршылмаған бұл мәліметті басын ашық күйде қалдырмақпыз.

«Әлшекейдің өнерге ықыласты болып өсуіне әкесі Бектібай мен шешесі Жұмақызын әсер-ықпалы зор болған» десе [Сейдімбеков, 547-6], жанақорғандық Қ.Ертаевтың мәліметі өзгеше: «Бектібайдың бәйбішесі Ай-сұлу Әлшекейден соң тағы да Туматай, Кержан атты екі ұл тапқан» [Сыр сандақтары, 4-6]. Ал Д. Шаповтың дерегі бойынша, Әлшекейдің шешесінің есімі – Шабал ақжарқын, беделді, сыйлы жан болыпты [Әлшекей күйші, 1992]. Қ.Ертаевтың «бәйбішесі» деуіне қарағанда, Ай-сұлу бәйбіше, Жұмақыз тоқал, Шабал топша тоқал болуы да мүмкін ғой. Ал бала Әлшекей бәйбіше-тоқал-тапша арасында арда өссе де, өзі білсін. Сондай-ақ, «...Данабек пен Қарабала әкелері Әлшекейдің 70-ке жуық күйін тарталды екен» [Сейдімбеков, 552-6]. «Кезінде Әлшекейдің ел ішіне 60 күйі жайылған» [Жаканов, 181-6], «Өзі 116 күй шығарған екен», [Ташенов, 7-6], т. б. Ү.Әбішев солардың ішінен Әбілқайыр Жүсіпов, Кемел Жұмабаев сияқты домбырашылар есімін бөлектепті. Бір қызғысы, журналист орындаушылық вариация кезінде орын алатын айырмы ерекшеліктерді байқаған. Десе де, оның себебін ажырата алмаған, домбырашы тарапынан әр қайталап тартқан сайын болатын дәстүрлі әрі заңды ауыс-түйістерді жете түсінбеген [Сыр бойы, 2005]. Әрине, қазақ күйінің импровизацияға құрылған табиғатын бұзып, қасаң нотаға шегендеп тастау тәсіліне көшкен қазіргі кезең үшін орындаушы, тыңдаушы һәм зерттеушіден мұнан артықты күтуге де болмайды.

«Әлшекейдің ата-бабасы малшылық пен диканшылықты қатар кәсіп еткен. Бектібай да, оның әкесі Сикымбай да өз дәулеті өзіне жеткен, шаруасы мығмы, кісіге жүзін салмайтын адамдар болған. Мағы қонды болып, егісі шүйгін шыққан жылдары Сикымбай әулеті серпіле көшіп, Бетпақдаланы басып өтіп, Арқаны жайлап қайтатын. Мұның өзі бозбала Әлшекейдің Арқалағы Тока, Дайрабай, Ықылас, Қыздарбек

уақиғадан перзентінен айрылып, қанатынан қайрылып отырған Дәнебек қарияның өзегін от болып шарпыған шерлі күйікті түсінуге болады, әрине. Бірақ оның да «аңыз» дүрдітіп, «Әлшекейдің домбырасы сақталған ба?» деген тілшінің сауалына жауап ретінде Дәнекді ажалынан 16 жыл бұрын өлтіріп, «Әлшекей десе туыскандарының аза бойы қаза тұрады. Дәнебек екенің домбырасын ағайындарының біріне аманат етіп қалдырған екен. Көп ұзамай, аманатқа алған кісінің отбасынан бір-неше адам өледі. Бір үйден үш адам кеткен. Ол домбыраны басқа адамға берсе, ол үйден де адам өледі. Одан кейін де домбыраны алған үйлерде адам өлімі жиілеп кетеді» [Ташенов, 7-6] деп, жел жоқ жерде қолдан күйін тұрғызып, не қажеті бар? Мұндай, қолдан құралған әсіре «аңыз, әпсанадан» қазақ руханияты ұтылмаса, ешқашан ұтқан емес.

ТАРҚАУЫ ТІІС ТҮЙТҚІЛДІ ТҮЙІНДЕР

Бір ұрпақ атқаруға тиісті міндетті жұмыстың келесі буынының үлесіне өтуі өте ауыр. Олай болса, Әлшекейтанау ғылымының әдістемесін ғылыми арнаға бұру керек. Біріншіден, оның өскен ортасы, тәлім көрген ұстаздары, өнерін жалғаған домбырашы шәкірттері жайындағы деректерді бірізділендірген дұрыс. Оңсыз шата-судың түйіні шиеленісе бермек.

Екіншіден, тарихи өріс аясындағы Сикымбай әулетінің әлеуметтік жағдайына, тұрмыс салтанатына қатысты «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» долбарлардан аулақ болғанымыз жөн. Үшіншіден, сал-серлік санат ретінде түп-тамыры әскери-магиялық жанкештілік жоралғылармен байланысты, мүлдем басқа өнер түрін саналады. Оның үстіне, Әлшекейдің заманында бұл дәстүр түбірімен жиылып кетпесе де, жұқанасы ғана қалғанын және қасиет күйшілік пен сал-серлік бір арнаға тоғыса бермейтінін қаперге тұту қажет. Төртіншіден, Әлшекейдің күйінің санына қатысты әркімнің тілшінің ұшында жүрген шұбарал тізімді (60, 70, 80, 100, 116) күйшінің топқа түскенде алқа салатын репертуры есебінде қабылдаған абзал. Қанша жерден күйдің саны өскенімен, оның мазмұны мен мәні өспейді.

Бесіншіден, «Сыр сұлей» (Сұлей. – сөз Құдайы. – авт.), «Күй абызы» деген атаулар дін жоралғыларды басқаратын атабалар мен сөз иелері – ақын, шайыр, жырауға қатысты қолданылатынын, оны ретті-ретсіз күйшіге телу абырой алып бермейтінін алға тартым келеді. Алтыншіден, күйлерінің шығу тарихы, аңыз шежіресін күйші шығармашылығымен етене байланыстырып, аңыздан өмірбаян жасауда ғылымилық көзқарас танытуды қалыптастырған жөн. Жетіншіден, Әлшекей күйлерінің түрлі орындаушылық вариациялар әсерінен жеріне жеткізілмеген, нашар орындаудан мұқалған тұсы байқалып тұрады. Сондықтан да қанондық нұсқа жасау мәселесін күн тәртібіне қою қажет. Бұл ғылымда бұрыннан бар, мәтінтанымға қатысты қолданылып келе жатқан тәсіл. Әрине, солай еткен күннің өзінде бізге жеткен белгілі нұсқалар өз алдына өмір сүре беруге хақылы. Сегізіншіден, Әлшекей әулетіне – оның үрім-бұтақ, бауырынан өрген ұрпақтың талайсыз тағдырына қатысты тарихнама қайта жүйеленуі тиіс. Тоғызыншыдан, күйлерін аңыз-шежіреден бөлек, таза этномызикатану әдістемесі дегенінде талдау керек.

Оныншыдан, күй атаулары белгіленіп, нақты тізім жасап, ежелгі «қасқартар қулытын» ишаралайтын «Ақсақ тоқты» сияқты, авторынан дәлелсіз ажыратылған маңызды күйлерді иесіне қайтарған жөн. Он біріншіден, берісі Байсындағы домбырашылық дәстүрдегі «қоңырат күйлері» мен Әлшекей туындыларының музыкалық материалын салыстырып, әрісі Арқа, Жиделі Байсының бір саласы – Оңтүстік-Батыс, Қызылқұм, Қаратаудың күнге беті мен теріскейі, Сырдарияның төменгі ағысы – Арал, Қаракұмға дейінгі жердегі күйшілік өнермен беттестіре отырып, Әлшекей дәстүріне қатысты тарихи-теориялық ортақ байлама жасағанға не жетсін? Біз сонда ғана Әлшекей әлемінен толық мәлімет алу мүмкіндігіне жол ашамыз.

Берік ЖҮСІПОВ,
фольклортанушы

Дүйсенбек Аяшұлының алғашқы өлеңдерін оқыған кезде-ақ ғажайып бір әсерге бөленгенмін. Өлеңдерді оқу үстінде санама, құлағымға ерекше бір дүбір естілгендей болды. Сайын даламыздың төсіндегі сансыз жылқы тұяғының дүбірі, бірте-бірте осы дүбір Құрманғазының дауылды күйлеріне ұласып кеткендей ме? Аруақты жырларды оқып отырмын, дауылды күйлер ышқына гүлдейді. Жан дүниенді астан-кестен күйге түсірген қалпында ойынды оятып, санаңды сергіткендей, құлды бір үстіне мұздай су құйып жібергендей, дененнен діріл сезіле ме? Біртүрлі! Шынын айту керек, Дүйсенбектің өлеңдерін оқыған сайын осындай әсерге күні бүгінге дейін бөлініп келемін. Бұл не? Меніңше, бұл – поэзияның, өлеңнің рухы.



ДҮЙСЕНБЕКТИҢ АҚЫНДЫҒЫ

Демек, Дүйсенбек өлеңдері, жырлары рухты дүниелер санатында болғаны. Демек, өлеңді жазатын емес, жарататын ақынның да рухты болмағы шарт қой. Әдебиет теориясы мен эстетикада өнердегі тұлға мәселесіне ерекше мән беріледі. Тұлғаның яғни, көркем дүниені жаратушының қырлары мен сырлары туралы жазудайын жазылып-ақ келеді.

Қолыма Дүйсенбек Аяшұлының биыл жарық көрген «Жұлдызым жоғары» деп аталатын жаңа кітабы, жыр жинағы тиді. Парактап оқи бастағаннан байқағаным – Дүйсенбектің ақын, азамат ретінде өсіп кеткендігі, шығармашылығының шыңына қарай бет алғаны.

Әлемдік поэзияда «медитациялық» өлеңдер көбейді. Бұлар – ақынның лирикалық кейіпкерінің жоғары интеллектуал, терең ойшыл, аса сезімтал тұлға екенін дәлелдейтін шыншыл да, шынайы туындылар. Бұндай үздік туындылардан қазақ поэзиясы да кенде емес. Әсіресе, айтулы ақындарымыз Қ.Мырзалиев, Ж.Нәжімеденовтер медитациялық өлеңдер жазуға көбірек барды. Әдебиет теориясының білгірі, профессор Г.Поспелов бұндай туындыларды ақынның суреткердің «самоанализі», өзінің ішкі сырларын ақтарып, сөйте отырып, бүкіл адамзаттың өзекті мәселелерін қозғау деп санайды. Қазіргі лирикалық поэзияның барша сыр-сипатын, қадір-қасиетін толық көрсете, білдіре алатын да осындай туындылар екенін профессор Г.Поспелов қазіргі орыс поэзиясының үздік үлгілерінің негізінде айтып, жазып, дәлелдеп келеді.

Қазіргі қазақ поэзиясы – парасатты поэзия, әлемдегі ең бір өскен, өркендеген елдердің әдебиетіндегі жеткен жетістігі, өскен өрсімен нық теңестіре алатындай ойлы, көркем дүниелер біздің әдебиетімізде де жетерлік болса, «Жұлдызым жоғарының» алғашқы беттері осындай өлеңдермен басталады екен.

Дүйсенбек ақынның: «Ақындығым, армысың Айналдырған ой ұршық», – (6-бет) деп басталатын өлеңіндегі ой ұршық деген метафоралық (ауыстыру) бейне – біріншіден, тек Дүйсенбек ақынның еншісіндегі дүние. Ойды ұршыққа балап жырлау қазақ поэзиясында бұрын-соңды кездеспеген, Дүйсенбек ақынның жаңалығы.

Екіншіден, метафоралық бейнелеуді өз шығармашылығына ендіру ақынның образды ойлаудағы шығармашылық жетістігі, табысы болып есептеледі. Қазақ поэзиясында метафоралық образ жасауға басқаларға қарағанда Ж.Нәжімеденов жиі баратын.

Үшіншіден, ой ұршық бұл – барынша ұлттық бейне. Ал әдебиеттің басты қасиеті – ұлттық сипатты болатынын ескерсек, өз шығармашылығымен әдебиеттің ұлттық сипатының жүзеге асуына үлес қосуды арқылы Дүйсенбек ақын өзінің шынайы суреткерлік қалпын таныта алған деп есептейміз.

Әлем әдебиетінің тәжірибесіне сүйенсек, метафоралық бейнелердің дүниеге келуі әдебиеттің есейген, өскен уақытына сай келеді екен. Ақындардың да толысқан, шығармашылығының өскен, өркендеген кезінде метафоралық бейнелерді дүниеге әкелуіне жиі баратыны байқалады. Ойткені, екі құбылысты қатар қойып, оларды өлең контекстінде ауыстырып қолдану – оңай шаруа емес. Бұл жерде суреткердің қанатты қиялымен бірге, мол білімі, тәжірибесі, ойлау қабілеті, сөздік қоры, т.б. аса қажет.

Ұршық ой, дәл осы қатар

тұрған екі сөз қалай қаланған? Ұршықтың жіпті иіретіні, дөңгелене отырып ширата түсетіні сияқты ой да адам миында піседі ғой. Сондықтан ойға балама ретінде ұршықтың алынуы – тапқырлық әрі ұтқырлық. Ал осы метафоралық бейнені ақын ақылмен санау түрде жасалды ма? Әлде сезім, интуиция, импривизация арқылы жасалды ма? Біздіңше, сезім арқылы. Бұл жерде ақын құдіреті деген тылсым дүние бар екенін ойлануымыз керек. Аса сезімталдылық, интуицияның жоғарылығы осы образды, ой ұршықты дүниеге әкелді.

Ой ұршықтың өлең контекстіне бірден еніп, ойнап шыға келгені де сондықтан. Дүйсенбек ақын әр жерінен біз мысалға келтіріп отырған «Өлеңіме өтініш» өлеңі: «Артақ тартпа енді өлең, Сөз бола ма міні жоқ. Серімін ғой мен деген, Сенен басқа түгі жоқ» – деп аяқтайды.

Бұл – енді ақынның жан сыры, бұған сенбеу, иланбау типті мүмкін емес. Дүйсенбек ақын стилінен байқалатын бір ерекшелік өлеңде айтылатын негізгі ой-тұжырымды өлеңнің аяғында, соңында береді. Осы сипатты орыс поэзиясынан зерттеушілер А.С.Пушкин поэзиясының негізгі ерекшелігі болды деп санайды. Тұжырымды, өлеңде айтылатын ойдың нәтижесін ең соңында айту, жазу қазіргі қазақ ақындарынан Қ.Мырзалиевке тән еді. Мысалы:

«Жылайтыны туарда, Жамандар бар кинайтын. Жылайтыны өлерде, Жақсылар бар кимайтын» – деген сияқты жолдар. Бір таңғалғаным, Дүйсенбек ақын жырларын оқып отырғанда ұлы суреткерлер шығармашылықтарына тән сыр-сипаттар, ерекшеліктер ойға орала береді екен. Бұдан мен ақынның осыларға ұқсайыншы, осыларша жазайыншы деген ұсақ мақсатын емес, шығармашылығының стихиялық дамуы барысында да жеткен жетістігін, ақын шығармашылығының бірнеше жағдай дамуының даңғыл жолында келе жатқанының дәлелін таныдым.

Салған жерден сезілетіні Дүйсенбек ақын – барынша дәстүршіл суреткер.

Ол «Бағзы күнгі бәйіттің, жалғанайын тініне» дейді. (6-бет) Әрі барсақ, Қорқыт жырларынан бастау алған қазақтың XV-XIX ғасырлар арасын камтитын толғаулық поэзиясы Дүйсенбек ақынның шөліркесе шөлін басатын, сусындаса, шабытын шақыратын құдіретті өнернама болса, берісі Қ.Мырзалиевтен басталған, 1960 жылдардың мәулеген, шарықтаған, тереңдеген дидактика-философиялық поэзиямыз болды. Дүйсенбек ақынның табан тіреп тұрған бастау бұлақтары, міне, осылар.

Ой арқылы жасалған метафоралық бейне Дүйсенбекте бір жерде:

«Ал, молалар сөйлемейді, Мен сияқты мықтысып, Мені тастап ой-кенейді, Жатады олар бүк түсіп» (29-бет) түрінде кездеседі. Бұл мәтінде ойдың бейнесіне асық алынып тұр. Ұршық, асық сөздерінің өлең контекстіндегі қызметі әдебиеттің басты қасиеті – ұлттық сипатты жүзеге асыру. Осы екі бейне де яки, ойдың ұршыққа не асыққа баланып, ауыстырылып бейнеленуі ақынның оқыстан, табан астынан тапқан ой олақ жасы сынды көрінісімен, бұл жерде де сезімге сүйенген, иек артқан ақын қуаты, шеберлігі жатқанын айтуымыз керек.

Ойлы образдарды тосын сыйға тартқандай оқырмандарға жиі ұсыну Дүйсенбек ақынның стильдік даралығына айнал



лып бара жатқандай. Бұл ақынның шығармашылық жолдағы жетістігі, табысы екеніне ешқандай күмән жоқ. Шын суреткердің стилі осылайша біртіндеп анықтала, айшықтала бермек. Әдебиет теориясын толғайтын еңбектерде суреткердің стилін бірінші болып тақырыптық бірлік анықтайды деген ұғым қалыптасқан. Бұл дұрыс та. «Жұлдызым жоғарыдан» байқалатыны – Дүйсенбек ақынның өзі туралы, өзінің жаны, ішкі сезім сыры, толғанасы, тебіренісі, зары мен мұңы туралы жазуға жиі баратыны. Кітаптың дені жоғарыда айтқанымыздай, «медитациялық» өлеңдерден тұрады. Біздіңше бұндай жағдай Дүйсенбек ақын шығармашылығы үшін кездейсоқ құбылыс емес. Керісінше суреткер ақын шығармашылығындағы эволюциялық даму – ақынның жасы, тәжірибесі бәрі де бар, осы сипатқа әкеліп отыр. Ақынның «самоанализіне» яғни өзін-өзі талдауына эмоция, ақыл, сезім, парасат, интеллекті, білім – барлығы араласатын болғандықтан, ол қалай айта да, не айта да бәріміздің айтқанымыз болып шығады. «Жұлдызым жоғарыдағы» «Болмысымның баяны» деп аталатын 1-бөлімді тұшынбай, тебіреней оқу мүмкін емес. Ойткені онда терең ойлы, шынайы сезімге толы, ақынның ағынан жарылып айтқан туындылары көп-ақ.

Дүйсенбек ақын ұзақ өлеңдерді жазуға көп бара бермейді. Көлемді өлеңдер мазмұнында ой сұйылып, сезім созбаланып, сырғақып кетуі мүмкін болғандықтан, ақын бұндай жағдайдан саналы түрде бас тартқан. Қысқа көлемді, жып-жинақы, «қызыл жиган жүгіндей» өлеңдер ойдан ғана тұрмайды, бірнеше ойға құрылса, өлең өлең емес, философиялық трактат болар еді. Өлең тек сезімге ғана құрылмайды, жалаң сезімнен тұратын өлеңдер біртүрлі, жалағай, жеңіл-аяу дүние болар еді. «Болмысымның баянындағы» өлеңдерде ой мен сезім шарпысып отырады. Ұшықандаған ойды сезім аулаптып, жандандырып, жалынатып жіберетіндей. Осындай өлеңдердің оқырманға етер әсер-ықпалы да зор болатынын түсінікті. Дүйсенбек ақынның өлеңдері қандай тақырыпқа арналса да, мазмұнында ақынның ішкі сезім сырлары, өз жаны, жүрегінің оқырманның алдына жайып салуы басым болып келеді. Стильді анықтаудағы тақырыптық бірлік ақынның өзін-өзі талдауынан, өзінің өлеңдегі бейнесін жасауынан көрінеді дейтініміз сондықтан.

Дүйсенбектің ақындық стилін даралайтын тағы бір бірлік, ол – тілдік бірлік. Ақынның тілі қысқа әрі нұсқа, бедерлі және бейнелі тіл. Нағыз жақындық саф алтындай таза, мөлдір де, тұнық тілі. Профессор Сәрсен Аманжолов бар өмірін қазақтың әдеби тілін зерттеуге арнаса, ғалымның бірнеше ғылыми еңбектерінде жан-жақты дәлелденгеніндей, «қазақтың әдеби

тілі Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген қазақтардың тілінің негізінде жасалған». Осы айтылған тұжырымның шындығын Дүйсенбек ақынның шығармашылығымен дәлелдеп шығуға болады. Тілді терең білетін ақын, оны поэтикаға қызмет еткізуге келгенде үздік үлгі көрсетеді, нағыз стилист болып қалыптасып үлгіргенін дәлелдейді. Тілге келгенде ақын стилінде толғау үлгілі поэзиямызға ден қою, ақын-жырауларымыздың толғау-жырларын үлгі тұту байқалады. Әсіресе Базар жырау, Бұдабайлардың толғау өлеңдеріне тереңрек үңіле отырып, ақындардың поэтикалық оралымдарына, суреттеу мен бейнелеу тәсілдеріне, көркем тіліне жігірек қараған сынайлы. Жоғарыда айтқанымыздай, қалай болғанда да Дүйсенбек ақын өз шығармашылығында әдебиет дәстүрін берік ұстанады. Ол – өзінің өлең-жырларымен әдебиет дәстүрін жалғастырушы ғана емес, жаңартушы, жаңғыртушы суреткер ақын.

«Арал элегиясы» өлеңінен:
«Тамашасын тәрк еткен,
Сорға біткен пешенем.
Алқынады тәні кепкен,
Қос өкпемдей қос өзен».

немесе:
«Теніз деген кендік еді,
Кен даланы сүйеді ол.
Батқан күнге телміреді,
Мойнын созған түйелер».

Бұндай көркем де келісті шумақтар Дүйсенбек ақын шығармашылығында көп кездеседі.

Жоғарыдағы 1-шумақта: «Алқынады тәні кепкен Қос өкпемдей қос өзен» – деген өлең жолдары – қазіргі қазақ поэзиясындағы соңғы жылдардың үздік үлгісі, талағай табысы. Мұндай көркем «медитациялық» үлгілер тек таланты тегеурінді ақындардың шығармаларында жасалады. Өзінің жан сырын экологиялық дейсіз бе, табиғат дейсіз бе, бүкіл адамзаттық мәселелерге ұластырып жырлау, тебірене толғану Дүйсенбектің «лирикалық кейіпкерінің» бітімі, болмысы міне, осындай. Ол – жоғары интеллектуалдықтың, ұлтшыл азаматтықтың, елін, жерін сүйетін патриоттың егесі.

Ақын мына шумақта табиғатты сөйлеткен. Нағыз пейзаждың адам, аң, жан-жануар бейнесіне айналып кетеріне мысал:

«Теніз деген кендік еді,
Кен даланы сүйеді ол.
Батқан күнге телміреді,
Мойнын созған түйелер».

Табиғатты адамша сөйлету деп осындай жырларды айтсақ керек. Түйелердің мойнын созып, телміре қарап тұрғандары – адамдардан қашып, қайтып бара жатқан теңіз. Трагедияға толы сурет қой. Поэзия құдіретіне қалай мойынсыңбауға болады. Ақынның жай ғана салған табиғат суреті – пейзажы, бірақ өлең тереңінде, бүкіл адамзат трагедиясын жырлау жатыр. Кемеліне келіп толысқан, оң-солын объективті түрде бағалай білетін, әлемдік әдебиеттің, ең бастысы өзінің төл әдебиетінің тәжірибесінен, дәстүрінен мол да, мағыналы сабақ алған Дүйсенбек ақынның бүгінгі каламы қарышты, қаламы қарымды. Оның «лирикалық кейіпкерінің» зор үні, ақынның өршіл рухын айғақтаған қалпында бүкіл әлемнің, бүгін адамзаттың зәру мәселелерін жырлауға қол созады. Бұл бағытта ақын ешбір қаймықпай, тартыншақтамай батыл қадам жасап келе жатыр.

Мен інімнің, шәкіртімнің, талантты қазақ ақыны Дүйсенбек Аяшұлының қазіргі калпына қызға, қуана қараймын. Ақынның 60 жылдық мерейтойына белгілі себептермен қатыса алмап едім. Сол жинды да ел алдында айтам деген ойларымның кейбіреулерін қағазға түсірген жайым бар.

Ақын інім мен туралы: «Шалқайғанға шалқайған, Еңкейгенге еңкейген ағам» – деп жазыпты.

Менің мінезімнің қалтарыс-бұлттарыстарын дөп басып айтқан. Мен туралы «Өлең жазбайтын ақын ағам» дегенімен де келісету болады. Кандидаттық, докторлық диссертацияларымды өлең теориясынан қорғағасын өлең туралы бірден білетінім, айта алатыным рас қой, енді.

Талантты ініме алдағы өміріме тек денсаулық, шалқар шабытты сәттер тілеймін.

Бағдат КӨРІБОЗҰЛЫ, филология ғылымдарының докторы, профессор «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», Қызылорда қаласының құрметті азаматы



АПТА АҒЫМЫНДА

Сауалдарға жауап берді

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының мобильді көшпелі қабылдау тобы Қармақшы ауданына қарасты Жаңажол және Жалағаш ауданындағы Аққұм ауылдық округтерінде болып, халықты толғандырган сауалдарға жауап берді.

Оған партияның республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесі менгерушісінің орынбасары Азамат Біржанов арнайы келіп қатысты.

Жалпы екі елді мекенде ұйымдастырылған мобильді қабылдауға 40-қа жуық тұрғын келді. Өтініштердің басым бөлігі жер, аяқсу, жол, ауызсу, денсаулық, білім саласы, әлеуметтік нысандар құрылысына қатысты болды.

Қоғамдық кеңес

«AMANAT» партиясы жанындағы аймақтық экологиялық қоғамдық кеңес отырысы өтті.

Отырысқа қоғамдық кеңес мүшелері, облыстың табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, басқа да құзырлы органдар өкілдері мен фракция мүшелері және осы салаға жауапты аудан әкімдерінің орынбасарлары мен сала басшылары ZOOM бағдарламасы арқылы қатысты. Жиында күзгі тал егу жұмыстары, қаладағы коқыс қалдықтары мәселесі мен аймақтың экологиялық мәселелері талқыланды.

Бағдарлама барысы талқыланды

«AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы мемлекеттік басқаруды дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы М.Нәлібаев облыстық әділет департаментінде кездесу өткізді.

Жиында Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен партияның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасының орындалу барысы талқыланды.

Интеллектуалды чемпионат

«AMANAT» партиясының жанындағы «Жастар Рухы» Жастар қанатының Мемлекет басшысының Жолдауын насихаттау іс-шарасы өтті.

Жолдауда көрсетілген интеллектуалды, білімді ұрпақ қалыптастыру бағыты бойынша «Жаңа Қазақстан жастары» тақырыбында «60 секунд» форматы мен интеллектуалды чемпионаты бастау алды. Чемпионат оқушылар және студенттер лигасы бағыттары бойынша өткізілуде.

Мәслихат депутаты қабылдау өткізді

Партияның облыстық филиалында облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Қ.Байсейітов азаматтарды қабылдады.

Партия алаңында азаматтардың жеке мәселелері мен тұрғындардың талап-тілектерінің онтайлы шешілуіне ықпал жасады.

Жалпы апта ішінде аймақтық және аумақтық филиалдар мен БПУ-да кездесулер, Жолдауды талқылаулар, тақырыптық қабылдаулар, фракция отырыстары, партиялық бақылау және т.б. түрлі форматтағы 67 қоғамдық-саяси іс-шара ұйымдастырылды.

Қор қамқорлығымен баспаналы болды

Қызылордалық Бағдат Қалмановтың отбасы баспаналы болды. Осы аптада «Dauletten» қайырымдылық қоры 53-баспананың кілтін көпбалалы отбасыға табыс етті. Қосымша 2 млн теңгеге тұрмысқа қажетті техникалар мен ыдыстар, керек-жарактарын алып берген.

Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Баспана кілтін табыстау рәсіміне аталған қордың қызметкерлері Абылай Бегалы, Жарқын Бейсенов және «Сыр медиа» серіктестігінің бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев қатысты. «Көп түкірсе, көл» деген қорға халық бір күнде 19 млн теңге қаржы аударған. Осылайша КБИ шағын ауданынан газбен қылытын 6 бөлмелі жер үй сатып алынды. Бағдат пен жұбайы жұмыс істейтін «Сыр медиа» серіктестігінің ұжымы отбасыға бір күндік жалақыларын аударды. Облыстық жастар орталығының жанынан құрылған «Сыр жастары» волонтерлер штабының еріктілері үйге орналастыру кезінде қолғабы етті. Еске сала кетейік, өткен аптада Бағдат Қалмановтың «Саяхат» шағын ауданындағы баспанасы түн жарымда өртеніп кетті. Қыс қарсаңында далада қалған отбасының мұңын әріптесіміз Гүлбану Мақажан «Dauletten» қорына жеткізіп, көмек сұраған. Журналистің өтініші қордан қолдау тапты. Әрі өзі қордың еріктісі ретінде үй іздеп, құжаттарын рәсімдеп баспаналы болуына атсалысты.

Қазақстан Ұлттық Банкі алаяқтардың көбейгенін ескертеді

ҚҰБ жеке тұлғаларға қызмет көрсетпейді және халықпен қолма-қол есен айырыспайды.

Ұлттық Банк қазақстандықтарға алаяқтық әрекеттердің қарқын алғанын ескертеді. Өздерін «полиция қызметкері» немесе «Ұлттық Банк қызметкері» деп таныстыратын қаскүнемдер азаматтарды алдап, несие, микрозайм рәсімдеуге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға ақша аударуға арбайды. Мұндай схемалар алаяқтардың ұстау мақсатында банктік «науқан» деген сылтаумен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте іс-әрекеттерінің заңдылығын растамақ болып «Ұлттық Банктің жалған қызметкеріне» қоңырау шалған болады, қызметкердің жалған куәлігін де көрсетеді.

Алаяқтық әдістердің тағы бір түрі – Ұлттық Банк әзірлеген жеке инвестициялық бағдарламалар деп аталады. Мұндай онлайн-платформаларда инвестициялар, жалған лицензиялар және құқық белгілейтін құжаттар туралы жалған ақпарат орналастырылған. Осыған байланысты Ұлттық Банк

«құқық қорғау жүйесінің» немесе «Ұлттық Банктің жалған қызметкерлерінен» қоңырау түскен кезде лезде әңгімені үзіп, алаяқтар ойлап тапқан «операцияларды» жүргізуге қатыспау керек екенін ескертеді. Осындай заңсыз әрекеттерден зардап шеккен азаматтар дереу құқық қорғау органдарына хабарласқаны жөн.

Сондай-ақ, Ұлттық Банк мобильді қосымшаларды орнатпау керек екенін, жеке деректерді жарияламауды, AnyDesk, Team Viewer секілді смартфонды қашықтан басқаратын қызметтерден сақ болуды сұрайды. Қандай жағдайда болмасын, телефон арқылы берілген нұсқауларды орындаудан сақтанып, үшінші тараптың есең шотына ақша аудармау керек, себебі мұндай аударымдарды қайтару немесе оны даулау өте қиын.

Кенес алу үшін 1477 қысқа нөмірі бойынша Ұлттық Банктің байланыс орталығына хабарласуға болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы

Ұлттық Банк ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын қабылдау ережелері туралы хабарлайды

ҚР Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалы ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын қабылдаудан бас тартқан жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын еске салады.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 206-бабына сәйкес, ҚР аумағында заңды төлем құралы болып табылатын ақшаны қабылдаудан бас тарту – ескерту жасауға міндеттейді.

Егер жоғарыда айтылған жағдай бір жыл ішінде қайталанатын болса, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 5, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 10, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 25 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салынады.

Банктермен, Ұлттық пошта операторымен Қазақстан аумағында айналымда жүрген және барлық төлем түрі бойынша қабылдауға жататын ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын қабылдаудан бас тартылса, 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Қазақстан Республикасының банкноттары мен монеталары қолдан жасалғанының анық белгілері бар болғанда және төлемге жарамайтын кезде ғана заңды төлем құралы болып табылмайды.

Ұлттық Банк органдары Кодекстің 724-бабына сәйкес Кодекстің 206-бапта көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

Ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын қабылдаудан бас тартқан жағдайда ҰБ Қызылорда филиалының қолма-қол ақшамен жұмыс істеу бөліміне хабарласу керек. Оның мекенжайы Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 30 үй немесе телефоны: 8 (7242) 55-15-25.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы

СЫР САҢЛАҚТАРЫ

Ел жадында қалған ер

Мұхамеджановтар – Сыр еліне танымал әулет. Бүгінде аруақты тұқымнан тараған әулеттің ұрпақтары да баршаға танылған белгілі тұлғалар қатарына қосылды.

Жаңақорған ауданының Өзгерт ауылында өркен жайып, жақсыға жанаса жүріп, адал қасиеттерді бойларына сіңіріп, байтақ еліміздің әр өңірлерінде халқы үшін аянбай еңбек етіп, тер төккен азаматтардың даңқы шартарапқа жайылған.

Аруақтарына бас иетін Мұхамеджановтар әулетінің бәйтерегі дуалы ауыз, тәлімі мол қайраткер Ғафәкең ақсақал мен Әйібibi кейуана бүгінде ортамызда жоқ, олардың ардақты есімдерін ұлықтап, еске алып, рухтарына бағыштап арнайы ас беріп, Құран оқытатын ұрпақтары бар.

Ғафур Мұхамеджанов сұлу Сыр мен қазыналы Қаратау аралығын алып жатқан Шиелі мен Жаңақорған аудандарында басшылық қызметтер атқарып, гибратты өмір кешті.

Соғыс және еңбек ардагері Ғафур ағамыз 1924 жылы 1 шілдеде Жаңақорған ауданында дүниеге келіп, 2007 жылы 3 наурызда өмірден озды. Ғафәкеңнің өмірсерігі – Әйібibi Сейдахметқызы 2011 жылы 1 қаңтарда дүние салды. Екі жақсының есімдері аңызға айналып, Жаңақорған мен Шиелі аудандарының әр буындағы ұрпақтары біртұрақ тұлға қайраткерлер деп мақтан етеді. Қазақта «Еркек үйдің – егесі, әйел үйдің – шегесі» деген керемет тәмсіл бар.

Жар таңдап, отбасы құруда Ғафур ағамыз жансақ басапаған, жанылыс жасамаған нағыз бақытты жан. Мұхамеджанов шарырағына Әйібibi Сейдахметқызы күт болып келіп, бақ болып дарыды. Берекесі мол әулеттің дәулетін таситты. Адал жар, асыл келін болып Ғафәкең әулетінің ырысын молайтып, бақытын арттырып, абыройын асырғанын жұрт жақсы біледі. Ағамыздың қызметі өрлеп, Шиелі аудандық Советі атқару комитетінің төрағалығынан аупарткомның біріншісі хатшысына дейін өсіп, абыройының өрлеуіне инабатты келіннің ибалы мінезі елеулі ықпал еткені сөзсіз. Бұл – менің жеке пікірім емес, ел аузындағы сөз. «Жары жақсының – бәрі жақсы» дегенде дана халқымыз осыны айтса керек. Бар өмірін жастарға тәлім-тәрбие мен сапалы білім беруге арнаған Әйібibi Сейдахметқызы Шиелі ауданындағы Октябрьдің 14 жылдығы атындағы орта мектепте қатардағы мұғалімдіктен мектеп директорына дейінгі жолдардан өткен ұлағатты ұстаз, тәлімді тәрбиеші. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Білім беру ісінің үздігі болды. Ел анасы атанды.



Сол кездері Шиелі ауданы бүкілодақтық дәрежеге көтеріліп, даңқы асқақтаған. Жақаевшылар қозғалысы өмірге келіп, облыста күрішішілер қатары артып, Ыбырай Жақаев ағамыз күрішішілердің падишасы атанған кез еді. «Маржаны Сырдың – Шиелі» деп ақын Дүйсенбі Смайыловтың жырлағанындай, жақаевшылар ұрпақтарының абырой-атақтары асып, еңбектері жанып, сый мен құрметке бөленіп, омырауларының орден-медалдармен жарқыраған уақыты деп айтуға да болады. Сол тұстары барша ұйымдастыру жұмыстарының бел ортасында Ғафәкең ағамыз болды. Ол кісінің өзі де Одаққа белгілі басшы ретінде танылды. Көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болды. Сол жылдары ауданда Корея, Куба елдеріне делегация келіп, еңбек тәжірибесін бөлісті.

Ғафур ағамыз өзінің іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Шиелі, Жаңақорған аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, облыстық партия комитетінің қаржы-әкімшілік бөлімінің менгерушісі, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін ойдағыдай атқарып, сан алуан жұмыстарды атқарғанының куәсі болды.

Ғафәкең қырық жылдан астам аудандық, облыстық кеңестің депутаты, Қазақстан Компартиясының XV, XVI, XVII съездерінің делегаты болып сайланды. Қандай лауазымды қызмет істесе де өз ісін тындырылды атқарып, өмірінің соңғы кезеңіне дейін аттан түспей, қоғамдық жұмыстарда да

өшпейтін із қалдырды. Екі аудан Мұхамеджановты бөліп-жармай, оның өмірін көпке үлгі етіп отырады.

Ғафәкең мен Әйібibi жеңгеміздің жүрген жері берекесі еді. Екеуі де отырыстың, дастарханның көркі, гүлі болатын. Олар барда бәріміздің жанымыз жадырап, қызық-

шылықтың нұрына, сәулесіне бөленетін едік. Барлық бюро мүшелері бірге жүреміз, бірге тұрамыз, қонаққа да бірге барамыз. Осының өзі елдің бірлігін, белсенді тірлігін қамтамасыз ететін алғышарттары болатын. Қазір ойлап отырып бұл не деген адалдық еді деймін. Сол заманның, сол қоғамның бірлігі басшылардың басым көпшілігінің адалдығының арқасы деп есептеуге болады. Сондай сенімді ақтай білген, жақсыларды жақтай білген қайраткер ағаларымызды әрдайым еске аламыз. Әрине, адамдардың бойындағы жақсы қасиеттер жалпы жақсылардың бәріне ортақ болғанымен Ғафәкеңнің бойындағы жақсы қасиеттер басқалардан гөрі бөлектеу, ерекшелігі еді.

Оның ақылдылығы, білімпаздылығы, парасаттылығы, іскерлігі, барлық адами жақсы қасиеттері негізінде, кімнің кім екендігін білетіндігінде, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажырата алатындығында, сезімталдығында, сергектігінде, өзін-өзі басқара, бағындыра, бағыттай, тежей алатындығында болатын.

«Отан – отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған ғой. Жоғарыда айтқанымадай, «Жігіттің қосы онбай, ісі онбайды» деген де бар. Ғафәкең сенімді өмірсерігі де, көмекшісі де, кеңесшісі де, ақыл қосары да, ашу басары да болған Әйібibi жеңгеміз ұзақ жылдар Жастар одағы мен оқу-ағарту орындарында басшылық қызметтерде болды. Қыздары – Мағрипа, Сәбира, Әлия, ұлдары – Алмас, Бектас, Нұртас, әрқайсысы өмірден өз орындарын тауып, шаңырақ көтеріп, кәсіпкерлікпен айналысып отыр. Ғафәкең киелі

Сыр елінің ақылшы абызының бірі ретінде адал, азаматтығы жоғары достарға да бай еді. Олар сырлас, сыйлас ел ағалары, соғыс және тыл ардагерлері Смағұл Ысқақов, Қонысбек Қазантаев, Зинабддин Мәмбетов, Әбжам Байшуақов, Қалқабай Әбенев, Еламан Жүнісбаев, Зұлпыхар Мұсаханов, Ерман Айтенов, Тілеу Топевтар кеңестік шаруашылық қызметіндегі нағыз зиялы қайраткерлер болатын. Олардың әрқайсысы бір-бір университет деп есептелетін ер азаматтар.

Сөз жоқ, ең жоғары нағрада ол – халықтың бағасы. Халық Ғафәкеңді барлық марапаттардан жоғары бағалады. Екі ауданның халқы Ғафәкеңді әлі күнге дейін еске алып, оған байланысты еске алу, ас беру шараларын жасап отырады.

Халықты тыңдай да, тыңдай жүріп басқара да білетін қайраткер Ғафәкең аудан, шаруашылық басшыларынан жауапкершілікті қатты талап ететін. Бірақ қадірлерді жықпайтын, құз басына әлденеше апаратын да айбабтымен, қайратымен, сұсымен үркітіп алатын. Мамандарды жауға бермейтін, жағасын жыртқызбайтын. Алды кен, кешірімді болған.

Ғ.Мұхамеджанов ақыл-парасатын, білімін, білігін, қажыр-қайратын елдің ауызбіршілігін сақтауға, аудандар мен облыстың экономикасын, әлеуметтік жағдайын, мәдениетін көтеруге сарқа жұмсаған қайраткер, шоктығы биік үлкен тұлға. Ғафәкең текті, аузы дуалы азамат еді. «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонабайды» деген екен Жүсіп Баласағұн. Сол айтпақшы, Ғафәкеңе қонған бақыт сыры адами қасиет астарында жатқан секілді.

«Алаштың анасы» саналатын Сыр бойы халқы Мұхамеджановтар әулетінің еңбектерін әлі де жоғары бағалайтынына кәміл сенемін.

Шиелідегі жаңадан ашылған №270 қазақ орта мектебіне Қызылорда облысының құрметті азаматы Ғафур Мұхамеджанов есімі берілді. Сонымен бірге, Жаңақорған ауданы мен Қызылорда қаласының бір-бір көшесі Мұхамеджанов атымен аталды. Бұл көшенің ашылу салтанаты осы қыркүйек айының 22-сі күні Қызылорда қаласының сол жағалауында, «Жастар сарайының» жанында өткізілмек.

Жайсаң жанды кейінгілердің жалында қалдырып, өнеге тұту – бүгінгі күннің өтелген бір парызы.

Кенес қажы ШАЙМЕРДЕНОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде журналистика мамандығы бойынша білім алғанды мақтан тұтамын. Төрт жыл бойы көптеген жақсылар мен жайсаңдардың шакірті болдым. Әсіресе, кітаптану негіздері пәнінен журналист, аға оқытушы Бақтыбай Бердібаев дәріс берді.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Бақтыбай ағай



Бақтыбай ағай өз ісінің үздігі, кең жүректі оқытушы еді. Болашақ журналистерді кітаппен дос болуға шақырып, баспасөз шығармаларын зерттеп, олардың пайда болуын, таралу және пайдаланылуын асықпай түсіндіретін. Біз ол кісінің сабағын асыға күтетінбіз. Мейірімді, ақжарқын мінезімен бәрімізге әкеміздей қамқор болды. Ол кісі келе жатса ауылдан тура әкеміз келгендей қуанышыбыз. Тағына сүйеніп, баппен аудиторияға жетіп, көзіңегін түсіріп қойып бәрімізге қарап шығатын. «Түгел келдіңдер ме?» дегені. Ағайдың әрбір дәрісінде негізгі пәнді айтып бола бере, түрлі сұрақтар қойып мазасын алатын едік. Ағай көп жыл бойы облыстық радиода еңбек еткен. Жұртшылыққа өзінің қоныр даусымен танылған. Көргені де, түйгені де мол жан. Жүрегі жұмсақ, мейірімді жан бір қабат шытпайтын. Өзі туып-өскен Арал ауданы туралы, әсем Алматы да өткен студенттік жылдарын әңгімелеп беретін.

Бақтыбай Смайылұлы 1953 жылы Арал ауданы, Сайғонды ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Балалық шағы, №19 «Сольтрест» орта мектебіндегі оқушылық өмірдің қызықтарын сағына еске алатын. Еңбек жолын «Аралтұз» комбинатында тұз қалталау машинистінің көмекшісі болып бастапты. Туған топырағындағы тіршілік еске түскенде Арал теңізінің тағдырына алаңдап, «қайта суға толса екен» деп тілеп отыратын. Әрбір дәрісінде соңында кітапты жыпы қойып, ағайдың өзі жайлы айтып беруіне қолқа салатынбыз. Аралдан шыққан бозбала журналистикаға қалай келді? Қызығып тындап отыршы едік. Әуелі Алматыдағы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық бөліміне оқуға түсіп, келесі жылы журналистика факультетінің студенті атан-

ғанын әңгімелейді. Студенттік шақтағы қызықтарын да айтып беретін. Айтпасына қоямыз ба, «ағай, ағай!» деп манынан шықпаймыз. Топтағы ұлдар да ол кісінің алдында тентектік қыла алмайтын. Студентке дауыс көтеріп ұстағанын көрмеппіз. Бар қаталдығы – қолындағы таяғын еденге бір соғады. Бітті. Аудитория тып-тыныш күйге еніп, ұлдар да ойларынан айнып қалатын.

Журналистік еңбек жолын Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетіне әдеби қызметкер болып бастаған. Мұнан соң «Аралтұз» комбинатында комсомол ұйымына, одан кейін бірер жыл Қызылордадағы «АТП-1» мекемесінде жастарға жетекшілік еткен. Әр жылдары облыстық радиода диктор, облыстық телерадиокомпанияда редактор, облыстық радионың бас редактор қызметін атқарды.

Ал 2008 жылдан бастап зейнет демалысына шыққанға дейін облыстық «Сыр бойы» газетінде бөлім менгерушісі болып қызмет істеді. Мазмұнды, қоғамдық ой-пікір тудыратын материалдар жазып, аға басылымның абыройын көтеруге өзінің үлесін қоса білді. Қаламгер Б.Бердібаевтың журналистика саласындағы жемісті еңбегі әркез бағаланып, Елбасының «Алғыс хатымен», облыстың Құрмет грамотасымен, «Қазақстан РТРК» АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды. 2011 жылы ҚР Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісін кеудесіне тақты. 2014 жылы «Қайсар қалам» атты еңбегі жарық көрді. Өзінің бүкіл саналы жұмырын халқымыздың рухани өмірін өркендетуге, журналистиканы дамытуға арнады.

Сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің: «Тула бойы тазалықтан ғана, бауырмалдықтан ғана, айнымас, бұлжымас мейірімділіктен ғана жаралғандай жан еді» деген тұжырымы тұп-тура Бақтыбай ағайға арнап айтылғандай. Абзал азамат, көрнекті қаламгер 66 жасқа қараған шағында 2018 жылдың 17 қыркүйегі күні өмірден озды. 2019 жылы белгілі журналист туралы «Қоныр дауысты қаламгер» атты деректі жинақ жарық көрді. Ардақты жанның орны ойсырап қалғанына да төрт жылдың жүзі болыпты. Ұлағатты ұстазбен өткен әрбір күнімізді сағынышпен еске аламыз.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы «Қызылординские вести» газетінің бөлім басшысы Қазбек Ботаевқа апасы **Мадина Камалқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Дүние дүрмек

«Барлық тұмырымды меілі ұзақ болсын, қысқа болсын сіздерге, біздің ұлы империямызға, өзін шыққан әулетке қызмет қылуға арнаймын». Бұл – 1952 жылы 6

ақпанда әкесі қайтыс болғаннан кейін Ұлыбритания тағына отырып, 70 жыл ел басқарған II Елизаветаның коронация кезінде берген аты. Тәж киген кезде небәрі 26 жаста екен, қыркүйектің 8-і күні 96 жасында қайтыс болды.

Құбылмалы әлемдегі тұрақтылық символы

II Елизавета тек өз елінде ғана емес, бүкіл әлемде құрметке ие болды. Бүгінде Ұлыбританияда және Ұлттар Достастығында тұратын адамдардың көпшілігі оның билігі дәуірінде туып, өмір сүрді. Сол «Жана Елизавета дәуірі» деп аталған дәуір 8 қыркүйекте аяқталды. Ол ең ұзақ тақта отырған монарх ретінде тарихта қалды. Қазір Ұлыбританияда патшайымға құрмет ретінде каралы күндер жарияланған. Ту төмен түсіріліп, ойын-сауық бағдарламаларына тыйым салынған.

Қазақшалап бұйрық дейміз бе, бақ дейміз бе, бәлкім тағдыр дерміз, Елизавета дүниеге келгенде тақ мұрагері болмаған. Ағасы Эдуард тақтан бас тартқанда болашақ патшайымның әкесі VI Георг билікке келді де, Елизавета мұрагерліктің бірінші кезегіне өтеді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде сол кездегі ханшайым автотехник ретінде әскери қызмет атқарды. Ал 1947 жылы Эдинбург герцогы Филиппке тұрмысқа шықты. Күйеуі де 100 жасқа қараған шағында былтыр дүниеден

өтті. Олардың Чарльз ханзада, Анна ханшайым, Эндрю ханзада, Эдвард ханзада есімді 4 баласы, немере-шөберелері бар. Мұрагерлік тағын ең ұзақ күткен Чарльз ханзада 73 жасында III Карл король атанды.

II Елизавета таққа отырғаннан бері Ұлыбританияда Уинстон Черчилльден бастап 15 премьер-министр, АҚШ-та Гарри Трумэннен бастап 14 президент ауысты. Ол жаһандағы ең айтулы тарихи оқиғалардың куәгері болды. Ұлыбритания аумағындағы бірқатар ел тәуелсіздікке қол жеткізді. КСРО мен Батыс арасында қырғи-қабақ соғыс болды. Адам ғарышты бағындырды. Әлемдегі саяси және экономикалық жағдай мүлде басқа бағытқа өзгерді. Осына өзгермелі дүниеде алтынға адалдығынан айнамағандықтан болар, БАҚ патшайымды «құбылмалы әлемдегі тұрақтылық символы» деп атады. Ұлыбританияда төлқұжат патшайымның атынан берілетін болғандықтан, бұл елдегі өзін төлқұжатпен қамтамасыз ете алмайтын, яғни төлқұжаты жоқ жалғыз адам еді.



«Лондон көпірі құлады». Бұл – 1960 жылы жасалып, жыл сайын жанартылып отырған «London Bridge» операциясының, яғни патшайыммен қолтаңбамен жерлеудің арнайы жоспарын бастауға арналған код. 62 жылдан бері әр минуты есептелген операция, турасын айтқанда он күндік рәсім осы күндері орындалуда.

Қыркүйектің 9-ы, яғни патшайым қайтыс болған күннің ертеңіне III Карл ресми түрде жана патша болды, оған үкімет мүшелері мен Сент Джеймс сарайындағы Күпия кеңес мүшелері қатысты. Екінші, яғни 10 қыркүйек күні Елизаветаның денесі салынған табытты Эдинбургке әкелді, сол жерде Холируд сарайында еске алу шарасы өтті. Содан кейін табыт Лондонға жіберілді. Үкімет мүшелері мен премьер-министрмен бірге оны Букингем сарайына апарды. Бесінші күн дегенде табыт Вестминстер сарайына, шіркеу кызметіне әкелінді. Ал алтыншы күннен тоғызыншы күнге дейін марқұм патшайымның жанында жұртқа үшін ашық болады. Оныншы күні Вестминстер абаббатында ресми жерлеу басталады, жалпыұлттық үнсіздік минуты жарияланады.

Букингем сарайының хабарлауынша, патшайымды жерлеу рәсімі 19 қыркүйекте Вестминстерде өтеді. Шіркеу 2000 адамдық, 1947 жылы Елизавета мен Филипптің некесі қиылған жер және мұнда 1066 жылдан бері коронация рәсімдері өткізіліп келеді. Жерлеу жиынына тек король отбасы ғана емес, ондаған мемлекет пен үкімет басшылары қатыспақ. «Бұл ғасырдың ең ірі дипломатиялық оқиғасы болуы мүмкін» деп жазып жатыр БАҚ.

Патшайымды жерлеу рәсіміне дайындық ауқымды логистикалық және дипломатиялық міндеттерді шешумен есте қалмақ. Қатып қалған протоколдан ауытқымайтын жынға қатысу үшін Лондонға ондаған мың адамның келуі, олардың ұшып-қонуы, тұратын орны сияқты мәселелерді үйлестіру оңай емес.

Монархты жерлеу рәсімі жергілікті уақытпен таңертеңгі сағат 11-де өтуі тиіс. Патшайым Виндзор қамалында әкесі Король VI Георгтің шіркеуінің жанында жерленеді. Осылайша Ұлыбританиядағы ең ұзақ тақта отырған билеуші тарихқа айналады.

M.МЕРЕЙ

BASKETBOL

Жерлестердің айқын жеңісі

Шымкент қаласында 10-15 қыркүйек аралығында баскетболдан 2005-2006 жылы туған жасөспірімдер арасында ҚР чемпионаты өтті. Онда Қазақстанның әр түркірінен келген 9 команда бақ сынады.

Sb Актілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Тартысты өткен баскетбол бәсекесінде Қызылорда облысының командасы I орын алып, алтын медальді қанжығасына байлады. Айта кетейік, бұл – Сыр спортының тарихындағы алғашқы жеңіс. Бұған дейін баскетболдан облыстың жасөспірімдер командасы ел чемпионаттарында топ жармаған.

– Бұл жеңіске біз 4 жыл дайындалдық. Өйткені «Covid-19» пандемиясы біраз уақыт чемпионаттың тоқтауына әкелді. Балаларды қайтадан бәсекеге қабыл ету деңгейге шығаруға тура келді. Сөйтіп, оларды дайындықтың барлық кезеңдерінен қайта өткіздік. Ал жарыста бұған дейін жасаған қателіктерімізді түзеуге мүмкіндік алдық. Нәтиже көрдіміздер, айқын жеңіске жеттік. Бұл – тарихи сәт. Қолдау білдірген барша жандарға алғыс айтамын. Әйтпесе, мұндай жетістікке жету қиын еді, – деді команда жаттықтырушысы Александр Жавзмагин.

Ойын жайлы аз-кем айта кетейік. 4 кезеңнен тұратын додала қызылордалық ұжым бірінші ойында жергілікті Шымкент командасына қарсы өткізіп, алаң қожайындарын ірі есеппен жеңді. Қорытынды есеп 84:62.

Келесі кездесуде Александр Жавзмагин шәкірттері Созак командасын 59:16 есебімен ойсыратып, одан соң қарсыласы «Шымкент-Жастарды» 78:41 есебімен ұтты. Төртінші кезең бастала салысымен қызылордалық ұжым аузылы қарсыластары елордалықтармен нық тірестіріп, басымдыққа ие болған. Алайда, соңындағы бірнеше қателік, бұл ойында жеңіске жетуге мүмкіндік бермеді. Сөйтіп, 75:78 есебімен есе жіберді. Бірақ турнир кестесінде орын жоғалтпай, топтан шықты. Жартылай финалда алматылық ұжымнан 78:62 есебімен басым түсіп, финалға қиынддықсыз өтті. Ал аяққы сында Сыр спортшыларын қарымта кездесу күтіп тұрды. Бұл ойында да тартысқа толы болды. Соңғы кезеңде сырбойлықтар елорда командасының мысын басып, 90:71 есебімен алға шықты да, осы ұпайды ойын соңына дейін ұстап қалды. Ал командалар Дмитрий Денисов чемпионаттың «Үздік ойыншысы» деп танылды. Ол 6 ойында 118 ұпай жинады. Айтпақшы, команда құрамындағы 11 баскетболшы Қызылорда қаласынан болса, 1 баскетболшы Жаңақорған ауданынан.

Бақылау-қасса машиналарын қайта бағдарламалау мерзімі ұзартылды

Кәсіпкерлердің өтініштеріне байланысты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік кірістер комитеті деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-қасса машиналарын (БКМ) 2.0.2 нұсқасының хаттамасына қайта бағдарламалау мерзімін 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар БКМ қолданатын барлық жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде барлық тіркелген БКМ қайта бағдарламалау жөніндегі жұмыстарды аяқтауы қажет.

Қайта бағдарламалау жасалмаған жағдайда, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2.0.2-ден басқа хаттамаларға фискалдык



деректер операторлары қолдау көрсетпейді. Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы хабарлайды.

АПИРАЙ-Ә!

«Жеңеше, құлағыңа сыбырлайын»

Бұрын ұзатылған қыз бойына бала бітсе, жаңалықты төркініне жеткізу үшін жақын, сырлас жеңгесіне «жеңеше, құлағыңа сыбырлайын» деп сәлем айттып жібереді екен. Болды, көп сөздің керегі жоқ, бәрі де түсінікті. Бұл әрекетте әдеп пен иба тұнып тұр.

Sb Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Кейінгі кезде салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұғымдарының түрленіп, жаңаша бағыт алғаны ұлттық ұстанымдарды көмескілендіріп барады. Жастар арасында кең қолданысқа ие, әлеуметтік желіде көпшілік қызыға қарайтын «гендер патиді» алайық. Қазақша «құрсақ шашу» ғой, бірақ...

Бағыстан келген дәстүрдің бәрі озық деп қабылдайтын еліктегіш қалпымызбен оның не екенін жете түсінесек те, заманауи трендтен қалмау басты мақсатқа айналды. Тойымыз аз еді, енді жас отбасылар осы «гендер патиді» де үлкен-кішіні, ата-аналарды шақырып атап өтетін болды.

Қысқаша тарихына тоқталсақ, «гендер патиді» – американдықтардың жақындарымен, дос-құрбыларымен атап өтетін отбасылық мерекесі. Негізгі атауы – Gender Reveal Party. Гендерлік кешті жоспарлаған ерлі-зайыптылар УЗИ-ге түскенде баланың жынысын айтпауды, жасырын түрде конвертке жазып беруді сұрайды. Күпия анықтаманы кеш барысында ашады. Осылайша, өздері де, қонақтар да баланың жынысын біледі. Торттың түсі немесе шар жару, қорапқа жасырылған түрлі заттар арқылы айқындатылған бұл жөн-жоралғының соңы үлкен мерекеге ұласады.

Әрине, өмірге ұрпақ әзелу – үлкен қуаныш. Жастардың ұғымында мұндай қуанышты тойлаудың еш

әбестігі жоқ шығар. Алайда үлкендер қауымы мұны құп көрмейді. Ата салтын ұлықтаған, дәстүрін ұмытпаған ақжаулықты аналарымыз осындай сәтте «келін үшін біз ұяламыз» дейді.

– Қазір жастар «гендер патиді» дегенді өткізетін болды. Құрсағына шарана бітсе болды, көпшіліктен сүйінші сұрауға дайын тұрады. Қазақы ырым түсінікте аяғы ауыр келіншек көпшілік назарына ілігуден сақтануы керек. Тіл-көз бар дегендей.

Бұрын көпті көрген, алтын құрсақты аналарымыз келінің жүкті болғанын сезсе, оны жалпақ жұртқа жария етпеген. Себебі, бала құрсаққа толығымен орныққанша, тіл-көзден қорғапша, ешкімге айтуға болмайды. Бірақ заман ағымына қарай қазір жастардың да ойы өзгерді. Қазақы сенімдерге бей-жай қарайды. Оның барлығы бүгінде ақпараттың көптігінен, оны екшейтін сана сүзгісі жоқтығынан деп ойлаймын. Соның салдарынан қазақ қоғамына жат дүниелер көзге үйреншікті, құлаққа сіңімді болып барады, – дейді көпбалалы ана София Балтабайқызы.

Біздің салтымызда мұндай жоралғыға арналған, жоғарыда айтылғандай «құрсақ шашу» деген дәстүр бар. Ол да басқосу түрінде өтеді. Бірақ ер-азаматтардың қатысуынсыз. Жүкті келіншектің енесі абысын-абындарын, қыз-келіншектерді жинайды. Сауық-сайран құрып, ән



Коллажға жасаған Мадинархан Келесиялыұ

айтылып, би биленеді. Барлығы келінің аман-есен босануын тілеп, жылы лебіздерін жолдайды. Былайша айтқанда «гендер патиден» әлдеқайда артық.

«Құрсақ шашу» мен «гендер патиді» туралы қазіргі жас аналардан да сұрап көрдік. Жас ана Мөлдір Аманбайқызы:

– Мен кішкентайымнан ата-әжемнің тәрбиесінде болдым. Келін болып түскен отбасыма да өз ұямынан алған тәрбиені көрсетемін. Заман ағымына қарай түрленіп жатқан жоралғыларды мүлде қолданбаймыз. Меніңше, оның барлығы – уақытша дүние.

Бүгін бар болғанмен, түптің-түбінде ұмытылып кетеді. Себебі, қазақтың қанына сіңбеген салт. Өзгенің істегеніне қызығудың қажеті жоқ, – дейді ол.

Тағы бір жас ана: – Меніңше заман ағымынан қалмау қажет. Бұл әрбір ана үшін маңызды кезең. Онда тұрған не бар? Қайта бәріннің көңілі көтеріліп, керемет кеш өтеді. Жалпы өзіме ұнайды, еш қарсылығым жоқ. Ескіше көзқарастар арылып, жаңаша ойлайтын кез келді. Жұрттың көзі, сөзі тиенді дей бермей жақсыға ұмтылуымыз керек, – дейді.

Иә, неше адам болса, сонша пікір бар. «Ұят болады» деген тыйымды мансұқтау белең алып тұрған тұста «үлкен-кішінің алдында баланың жынысын жариялау, оны айдай әлемге тарату ыңғайсыздау» деп ақыл айтқаныңмен, заманнан қалыс қалған атанасың. Одан да жас қыз-келіншектерге «құрсақ шашу» дәстүрінің мән-мағынасын терең ұғындыру, оның «гендер патиден» анағұрлым ауқымды әрі тағылымды іс-шара екенін түсіндіру керек сияқты. Уақыт күнделікті тіршілігімізге, ұлттық болмысымызға өзгерістерін енгізіп жатқанымен осындай дәстүрлерімізді насихаттау арқылы иммунитет қалыптастырсақ деген ой ғой.

Желіні ақтарып отырып тағы бір көрініске не айтарымды білмедім. Жас келін жүктілікті анықтайтын тестті қорапқа салып, тосынсыз етіп дастарқан басында ас ішіп отырған үлкен-кішінің ортасына қойды. Бәрі мээ, көңілі бостары көздерін шылап алды. Бірақ ана тесттің дастарқан басына келетін зат еместігін біреуі ойлады ма екен? Әй, қайдам?